



## АҚОРДА

# МӘДЕНИЕТ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ – РУХАНИЯТ ТІРЕГІ

Мемлекет басшысы мәдениет және өнер қызметкерлерін марапаттау рәсімінде сөз сөйледі.

Президент, ең алдымен, салтанатты іс-шараға қатысушыларды Мәдениет және өнер қызметкерлері күнімен құттықтады.

— Бұл — еліміз үшін мән-маңызы айрықша мереке. Мәдениет — халқымыздың ұлттық болмысы мен рухани дербестігінің арқауы екенін бәріміз жақсы білеміз. Мәдени және рухани дүниесін сақтай білген елдің мәртебесі биік, мерейі үстем болары айқын. Сіздер осы игі мақсат жолында табанды жұмыс істеп келесіздер. Қоғамымыз бұл еңбекті жоғары бағалайды. Бүгін мен кәсіби мереке күні еліміздегі барша мәдениет және өнер саласы мамандарына шынайы алғысым-



ды білдіремін! Қазақ — өнердің киесін ұғатын, өнерпаздың қадірін білетін жұрт. Біз ерекше дарын иелеріне әрдайым

лайықты құрмет көрсетеміз. Жұртымыз «Өнердің өрісі кең» деп сіздерді қашанда қадірлеген. Міне, бүгінгі жиын да соның

бір көрінісі. Шын мәнінде, руханияты бай елдің ойы озық, болашағы жарқын болады, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

## РЕФОРМАЛАРДЫҢ АУҚЫМЫ

Мемлекет басшысы қазір Қазақстанда ауқымды өзгерістер болып жатқанын айтты.

— Бұл жай ғана өзгерістер емес: еліміздің болашағына тікелей қатысы бар, мағынасы ауқымды, терең, кешенді, жүйелі реформалар жасалуда. Мақсатымыз — Отанымызды күшті, озық мемлекет ретінде дамыту, сондай-ақ, дарынды, отаншыл, жігерлі және көзі ашық, көкірегі ояу жастардың өмір жолын ашып беру. Наурыз айында бәріміз бір ел, бір халық болып конституциялық реформаға бірауыздан қолдау көрсеттік. Ортақ іске мәдениет саласының мамандары мен өнер қайраткерлері де белсене атсалысты.

(Жалғасы 2-бетте)

## РЕФОРМАЛАРДЫҢ ЗАҢНАМАЛЫҚ ІРГЕСІ БЕКІДІ



Мемлекет басшысы Мәжіліс Төрағасы Ерлан Қошановты қабылдады.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа конституциялық реформаларды заңнамалық тұрғыдан қамтамасыз ету бойынша Палатаның атқарған қызметі туралы мәлімет берілді.

Мәжіліс Спикерінің айтуынша, Парламент жаңа Ата заңның нормаларын іске асыруға жол ашатын жеті конституциялық заңды сапалы әрі уақытылы қабылдады. Соның ішінде «Президент туралы», «Құрылтай және оның депутаттарының мәртебесі туралы», «Қазақстан Халық Кеңесі туралы», «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы», «Алатау қаласының арнаулы құқықтық режимі туралы» және басқа да конституциялық заңдар бар. Аталған жұмыс қоғам өкілдерінің және сарапшылардың қатысуымен ашық жүргізілді.

Жалпы, Мәжіліс сессиясы басталғаннан бері 89 заң қабылданып, Сенатқа жолданған. Олардың арасында Құрылыс, Цифрлық кодекстер, жасанды интеллект, банк және банк қызметі, құқықбұзушылықтың алдын алу, Қылмыстық және Қылмыстық-процессуалдық кодекстерге өзгерістер енгізу, мемлекеттік қызмет, мемлекеттік наградалар, ғылым мәселелері, педагог мәртебесін көтеру, жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, жеке сот

орындаушылар қызметі және басқа да заңдар бар.

Қазір депутаттардың қарауында 80 заң жобасы жатыр. Оның қатарында жаңа Конституция қабылдауға байланысты рақымшылық жариялау, жол қозғалысындағы цифрландыру мен қауіпсіздік, жергілікті өзін-өзі басқару, телекоммуникация нарығын дамыту, машина жасау саласын дамыту, техникалық және кәсіптік білім беру, нота-риат және басқа да мәселелер туралы заң жобаларын айтуға болады.

Ерлан Қошановтың айтуынша, Мәжіліс сессия соңына дейін Жоғары аудиторлық палата төрағасының ғылымды дамытуға бөлінген қаржыны орынды жұмсау, былтырғы республикалық бюджетті игеруге қатысты Үкімет пен Жоғары аудиторлық палатаның есебін және депутаттардың аймақтарға сапары кезінде сайлаушылар тарапынан түскен өтініштердің нәтижелері бойынша Үкіметтің ақпараттың тыңдауды жоспарлап отыр.

Мәжіліс заң шығару ісінде ашықтыққа және сарапшылық топпен ынтымақтастыққа баса назар аударады. Қоғамдық палата отырыстары тұрақты түрде өткізіліп келеді.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа парламенттік дипломатия бағытындағы жұмыс қорытындылары, атап айтқанда, ТүркПА, ТМД Парламентаралық ассамблеясы және басқа парламентаралық ұйымдармен ықпалдастық жайында баяндалды.

## СЕРІКТЕСТІК САН ҚЫРЛЫ САЛАНЫ ҚАМТИДЫ

Мемлекет басшысы Токио губернаторы Юрико Коикэні қабылдады.

Президент Токио губернаторының сапары Қазақстан мен Жапония арасында орнаған кеңейтілген стратегиялық серіктестіктің 10 жылдығы қарсаңында өтіп жатқанын, мұның символдық мәні бар екенін атап өтті.

Қасым-Жомарт Тоқаев Юрико Коикэнің жетекшілігімен Токио әлемдегі ең қауіпсіз, таза әрі тиімді басқарылатын мегаполистердің біріне айналғанын айтты.

— Сізді жаһандық деңгейдегі көрнекті саясаткер ретінде танымыз. Көреген басшылығыңыз бен еліңіз үшін ұзақ жылдар бойы атқарған қызметіңіз құрметке лайық. Қазақстан жұртшылығы Сізді мемлекет қайраткері және еліміздің досы, серіктесі деп біледі. Қазақстанның тарихы мен мәдениетін дәріптеуге бағытталған еңбегіңізді жоғары бағалаймыз. Бұл қос халықтың ынтымағын арттыра түседі, — деді Мемлекет басшысы.

Президент Жапонияға былтыр жасаған ресми сапарын ықыласпен еске алып, соның нәтижесінде екіжақты қарым-қатынас жаңа әрі сапалы деңгейге көтерілгеніне назар аударды.

— Мен Токионың «Ақылды қала» бағдар-



ламасымен таныстым. Бұл біздің қызығушылығымызды тудырды. Себебі елімізде де Smart City тұжырымдамасын ілгерілетіп отырмыз. Сіздің Астанаға келген сапарыңыз пайдалы боларына сенімдімін. Өйткені біз ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға және мегаполисті басқару тәжірибесін зерделеуге ынтымағын арттыра түседі, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Токио губернаторы Мемлекет басшысына қонақжайлық танытқаны үшін ризашылығын жеткізді.

— Сіздің көшбасшылығыңызды, сондай-ақ экономикалық өсім, жасанды интеллект, цифрландыру және инвестиция тарту бағыттарын дамытуды көз-

дейтін іргелі реформаларыңызды жоғары бағалаймын. Қазақстан өңірдегі экономикасы ірі, ресурсы мол ел ретінде Еуропа мен Азияны жалғайтын Орталық Азиядағы басты хаб рөлін нығайтып келеді, — деді Юрико Коикэ.

Президент пен губернатор цифрлық технология, инновация, халықаралық қаржы және білім беру секілді негізгі салаларда серіктестік орнату мүмкіндігін қарастырды.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан мен Жапония арасындағы достық байланыстарды нығайтуға елеулі үлес қосқаны үшін Юрико Коикэні I дәрежелі «Достық» орденімен марапаттады.

## АҚОРДА

23 МАМЫР 2026 | СЕНБІ

## МӘДЕНИЕТ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ – РУХАНИЯТ ТІРЕГІ

(Басы 1-бетте)

Саяси науқан кезінде халқымыз еліміздің жарқын болашағына үлкен сеніммен қарап, тарихи таңдауын жасады. Осылайша, жаңа Конституциямыз тұғырына қонды. Расында, бұл Қазақстанның келешегін айқындайтын маңызды шешім болғаны анық. Ата заң — ел тәуелсіздігі мен мемлекеттігінің мызғымас кепілі, халқымыз жүріп келе жатқан жолдың басты темірқазығы. Конституцияда ұлтымыздың мүддесі, мақсат-мұраты мен арман-тілегі айқын көрініс тапты. Ата заңға сәйкес еліміздің егемендігін, жеріміздің тұтастығын, азаматтардың құқығы мен бостандығын қорғау бұлжымас қағидат саналады, — деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев Конституцияда тарихи-мәдени мұрамызды сақтау мәселесіне де баса назар аударылғанын жеткізді.

— Енді мәдениет саласын қолдау — мемлекеттің конституциялық міндеті. Қазір бұл бағытта ауқымды шаруа жасалып жатыр. Мен Мемлекет басшысы ретінде ұлт руханиятына адал қызмет етіп жүрген мамандардың әлеуметтік жағдайын жақсартуға ерекше мән беріп отырмын. Мәселен, соңғы бес жылда олардың жалақысы екі есе ұлғайды. Биылдан бастап өнерпаздарға берілетін мемлекеттік стипендия көлемі екі есе өседі. Тек былтырдың өзінде елімізде 61 мәдениет нысаны салынды. 250-ден астам мекемеге жөндеу жұмыстары жүргізілді. Өткен жылы Президент Жарлығымен үш бірдей мұражайға «Ұлттық» мәртебе берілді. Бұл жұмыс биыл да жалғасын табады. Меніңше, Максим Горький атындағы Мемлекеттік академиялық орыс драма театрына және Еркеғали Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармонияға «Ұлттық» мәртебе берілсе, орындар болар еді. Сондай-ақ Сәбит Мұқанов атындағы облыстық қазақ музыкалық-драма театрына «Академиялық» мәртебе беру керек деп есептеймін. Аталған өнер ұжымдары тұтас еліміздің рухани мұрасын байытуға өлшеусіз үлес қосып келеді, — деді Президент.

Бұдан бөлек, Мемлекет басшысы дәстүрлі өнерді, әсіресе жыр, терме, күй өнерін дамытуға ерекше мән беру қажет деп санайды.

— Төл өркениетіміздің осындай теңдессіз қазыналарын дәріптеп жүрген өнер адамдарына қолдау көрсету маңызды. Осы орайда мен «Асыл мұра» ұлттық сыйлығын тағайындау туралы шешім қабылдайтын болдым. Бұл марапат дәстүрлі өнер өкілдерін қолдауға, олардың шығармашылығын насихаттауға, ұлттық өнердің беделін арттыруға ықпал етеді. Осы жоғары дәрежелі сыйлықпен тиісті министрліктің ұсынысы бойынша Мемлекет басшысының Жарлығымен лайықты өнер және мәдениет қайраткерлері марапатталады, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

**ӨНЕРПАЗДАР НАЗАРДАН ТЫС ҚАЛМАЙДЫ**

Президенттің айтуынша, мәдениет пен өнер саласы ел өмірінің ажырамас бөлігі ретінде әрдайым мемлекет назарында болады.

— Еліміздің төл мәдениеті дүние жүзіне лайықты деңгейде



танылып келеді. Халқымыз жақсы көретін әйгілі музыканттар, әншілер, актерлер, суретшілер, бишілер, креативті индустрия өкілдері және басқа да өнер шеберлері қазіргі қазақ руханиятының жарқын бет-бейнесіне айналды. Қазақстанның шетелде кенінен танылған медиа жобасы — Silk Way Star халықаралық ән байқауы. Бұл — заманауи мәдени дипломатияның бір үлгісі. Еліміз халықаралық ұйымдармен ықпалдастықты айтарлықтай күшейтті. Ірі мәдени-ағарту жобалары белсенді түрде қолға алынып, ғылыми бастамалар көтерілуде. Бұл сан қырлы қазақ мәдениетін насихаттау бағытындағы дұрыс әрі қажетті іс. Бүгінгі кездесуіміз маңызды күннің қарсаңында өтуде. Мұның символдық мәні зор. 1992 жылы 22 мамырда Қазақстан ЮНЕСКО-ның толық мүшесі атанды. Айтпақшы, осыдан 34 жыл бұрын, дәл сол күні министрдің орынбасары ретінде аталған беделді халықаралық ұйымның Париждегі штаб-пәтеріне барып, ЮНЕСКО-ның сол кездегі Бас директоры Федерико Майормен бірге осы тарихи уақиғаға қатысты құжатқа қол қойған едім. Содан бері еліміздің жиырмаға жуық материалдық және материалдық емес мұрасы, соның ішінде Түркістандағы Қожа Ахмет Ясауи кесенесі ЮНЕСКО тізбелеріне енді. Бұл тізім алдағы уақытта ұлғая түседі. ЮНЕСКО істері жөніндегі ұлттық комиссия мен тиісті министрліктерге осындай міндет жүктелді, — деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев кеше ғана Астанада Алтын Орда рөлін адамзат жылнамасының бірегей тарихи, мәдениет және өркениет жобасы ретінде ғылыми тұрғыдан объективті зерделеуге арналған халықаралық симпозиум өткенін еске салып, аталған шараның мән-маңызына тоқталды.

— Мен шағын баяндамада өз көзқарасымды жеткіздім. Оны білікті тарихшылар мен мәдениеттанушылардың, құқықтанушылардың Еуразия кеңістігіндегі тарихи үдерістердің түрлі аспектісіне қатысты кәсіби талқысына салуға болады деп ойлаймын. Алайда бұл ақпаратты бұра тартатын сауатсыздарға қол емес. Маусым айының алғашқы онкүндігінде III Архившілер конгресі өтеді. Биылғы басқосу жаппай цифрландыру мен жасанды интеллект дәуірінде тарихи-мәдени және деректі мұраны сақтау мә-

селесіне арналады. Біз — мәдениетіміз әралуан, бауырмал әрі кеңпейіл халықпыз. Еуразия кеңістігінде маңызды орын алатын және аталған субконтинентте жан-жақты қауіпсіздік жүйесін қалыптастыруға атсалысып жатқан прогрессивті, бейбітсүйгіш ел ретінде Қазақстанның халықаралық беделін арттыру үшін осы мәдени ерекшелікті жан-жақты дәріптеудің мәні зор. Сонымен қатар жастарымызды жаңа геосаяси және геэкономикалық жағдайдағы қатаң, тіпті қатыгез бәсекелес ортада барынша табысқа жетуге қазірден бастап даярлауымыз керек. Бұл — біздің басты міндетіміз, — деді Президент.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы қоғамдық сананы жаңғырту жөнінде пайымымен бөлісті.

— Біз ойы озық, өркениетті ел боламыз десек, ең алдымен қоғамдағы кез келген мәдениетсіз әрекетке, жабайы жүріс-тұрыс пен тұрпайы тағылыққа, яғни вандализмге түбегейлі тосқауыл қоюымыз керек. Өкінішке қарай, соңғы уақытта тарихи және мәдени нысандарға қасақана зиян келтіру жағдайлары жиілеп кетті. Мысалы, жақында ғана Маңғыстау облысының Ыбықты сай шатқалында болған оқиға бойынша тиісті өкілетті органдар қатаң құқықтық қорытынды шығаруы керек. Біз тұтас қоғам болып осындай заңсыз әрекеттерге үзілді-кесілді қарсы тұруымыз қажет. Заңды құрметтеу, табиғатты аялау, жауапкершілік, жасампаз патриотизм қағидаттары қоғамдық санада түбегейлі орнығуға тиіс. Бұл қасиеттер азаматтарымыздың, әсіресе өскелең ұрпақтың дүниетанымы кең, мінез-құлқы дұрыс адам ретінде қалыптасуына негіз болуы керек, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент қоғамда кітап оқу мәдениетін насихаттау туралы ой қозғап, мемлекеттің осы бағытта қолға алған бастамалары жөнінде айтты.

— Кітап оқу өркениетті қоғам құрып, озық ойлы ұлт болудың ең төте жолы деп айтсақ, артық болмайды. Сондықтан біз ел ішінде, әсіресе жастар арасында кітап оқу мәдениетін кенінен дәріптеуіміз керек. Мен өткен аптада Кітап оқу мәдениетін дамыту және зерделі ұлт қалыптастыру жөніндегі шаралар туралы арнайы Жарлыққа қол қойдым. Осы маңызды құжаттың негізгі мақсаты — ұлт сапасын арттыру, яғни адам капиталын

дамыту, қоғамның зияткерлік және мәдени әлеуетін нығайту. Үкіметке осы бағыттар бойынша нақты шараларды іске асыруды, соның ішінде кітапхана және кітап шығару ісін заң тұрғысынан қамтамасыз етуді тапсырамын. Сонымен қатар «Зерделі ұлт» тұжырымдамасы бекітіледі, «Жылдың он оқырманы» республикалық жобасы өткізілетін болады. Баршаға қолжетімді Ұлттық цифрлық кітапхана платформасы іске қосылады. Басқа да тың бастамалар жүзеге асырылады. Бұл жұмысқа тұтас қоғаммен бірге мәдениет саласының қызметкерлері, әсіресе кітапханашылар, баспагерлер белсене атсалысады деп ойлаймын. Сонымен бірге мен жақында еліміздің орта білім беру жүйесіне жасанды интеллектті ендіру жөніндегі шаралар туралы Жарлыққа қол қойдым. Меніңше, бұл — шын мәнінде аса өзекті және қажетті қадам. Қазіргі технология дәуірінің қарқыны өте жылдам. Сондықтан мұндай маңызды шешімді дер кезінде қабылдасақ, жастарымыз дамуының даңғыл жолына түсе алмай, артта қалып қояуы мүмкін. Ал бұл мемлекетіміздің келешегі үшін аса қауіпті екені айтпаса да түсінікті. Біз, әрине, ондайға жол бермейміз, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

**КЕЛЕШЕКТІҢ БІР БАҒДАРЫ**

Мемлекет басшысы алдымызда Әділетті, Таза, Мәдениетті, Өркениетті, түптеп келгенде, Озық ойлы Қазақстанды құру міндеті тұрғанын еске салды.

— Біз мұның аса жауапты әрі өте күрделі міндет екенін жақсы түсінеміз. Халқымыз «Әрекет түбі — берекет» деп бекер айтпаған. Шын мәнінде, озық және нағыз дамыған ел боламыз десек, ең алдымен, қоғамда жана мәдениет қалыптастыруымыз қажет. Еңбек-қорлық, білімпаздық, жасампаздық, жанашырлық, отаншылдық қасиеттерін өскелең ұрпақтың бойына сіңіруіміз керек. Мұның бәрін күнделікті қажырлы еңбекпен, нақты іспен көрсетуіміз қажет. Заң мен тәртіп қағидаты мәдениеті жоғары қоғамда ғана берік орнығады. Бұл — ақиқат. Осы маңызды жұмысқа Сіздер де елеулі үлес қосып жүрсіздер, болашақта да солай болады деп сенемін, — деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев сөзін қорытындылай келе, бүгін төл мәдениетіміздің өрісін кеңейтіп, халқымыздың рухани дүниетаны-

мын байыту жолында жемісті еңбек етіп жүрген бір топ азаматты жоғары мемлекеттік наградалармен марапаттау туралы шешім қабылдағанын жеткізді.

— Қазір біздің ортамызда белгілі әнші әрі домбырашы Татьяна Бурмистрова отыр. Ол жарты ғасырға жуық уақыт бойы қазақтың дәстүрлі өнерін белсенді түрде кенінен дәріптеп, жас дарындарға үлгі-өнеге көрсетіп жүр. Бүгін мен Татьяна Бурмистроваға ең жоғары «Отан» орденін беру туралы Жарлыққа қол қойдым. Сонымен қатар бүгін жезтаңдай әнші, Қазақстанның халық әртісі Мақпал Жүнісоваға екінші дәрежелі «Барыс» орденін тапсырамын. Михаил Лермонтов атындағы ұлттық орыс драма театрының актрисасы Марина Юрьевна Ганцева III дәрежелі «Барыс» орденімен марапатталады. Ол Қазақстан мәдениетінің дамуына елеулі үлес қосты. Таланты мен көпжылдық еңбегінің арқасында театр өнерін бағалайтын көрерменнің ықыласы мен сүйіспеншілігіне бөленді. Кәсіби мереке күні мәдениетіміздің дамуына зор еңбек сіңірген бірнеше өнер қайраткеріне «Қазақстанның халық әртісі» атағы беріледі. Жалпы, биыл елімізде 120 мәдениет және өнер қызметкері мемлекеттік марапатқа ие болады, — деді Мемлекет басшысы.

Президент төл мәдениетіміз түркі өркениетінің ажырамас бөлігі саналатынын жеткізді.

— Мен биыл Ұлыстың ұлы күнінде киелі Түркістан жерінде мемлекеттік наградалар қатарына Қожа Ахмет Ясауи орденін енгізу туралы маңызды бастама көтердім. Бұл марапат Қазақстанның дамуына айрықша еңбек сіңірген еліміздің және шетелдің белгілі ғалымдарына, мемлекет және қоғам қайраткерлеріне берілетін болды. Осы жоғары марапатты өткен аптада бірінші болып Түркия Президенті Режеп Тайип Ердоғанға және осыдан екі күн бұрын ЮНЕСКО-ның бұрынғы бас директоры Одрэ Азуле ханымға табыстадым. Азуле ханым кезінде Қазақстан мен ЮНЕСКО-ның ынтымақтастығын нығайтуға зор еңбек сіңірді, әсіресе Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне қатысты жұмысқа белсене атсалысты. Мұны ерекше атап өткім келеді. Сондықтан біз түркі бірлігін нығайтуға, ұлт мәдениетін дәріптеуге мол үлес қосқан шетелдік әріптестеріміздің еңбегін әрдайым жоғары бағалаймыз. Сонымен қатар бүгін мен ұлт өнеріне елеулі үлес қосып жүрген бірнеше азаматқа пәтер кілтін табыстаймын. 2024 жылдан бастап осы күнге дейін мәдениет және өнер қайраткерлеріне жалпы саны 200 пәтер берілді. Бұл игі үрдіс міндетті түрде өз жалғасын табады. Баршанызға құтты болсын! Төл өнеріміз өркендей берсін! Ұлт мәдениетінің мәртебесі әрдайым биік болсын! — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент Жарлығымен мәдениет саласындағы аса үздік жетістіктері және Қазақстан Республикасына сіңірген айрықша еңбегі үшін бір топ азаматқа мемлекеттік награда табысталды.

Марапаттау рәсімінде белгілі әнші Татьяна Бурмистрова, Мұхтар Әуезов атындағы Қазақ ұлттық драма театрының әртісі Бахтияр Қожа, түркиялық ғалым Кюршад Зорлу сөз сөйледі.

# ПАРЛАМЕНТАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫҢ КЕЛЕШЕГІ ЗОР

Сенат Төрағасы Мәулен Әшімбаев бастаған Қазақстан Парламентінің бір топ депутаты ресми сапармен Ресей Федерациясында болды. Сапар барысында олар Ресей Федералдық Жиналысы Федерация Кеңесінің Төрағасы Валентина Матвиенкомен және Федералдық Жиналыс Мемлекеттік Думасының Төрағасы Вячеслав Володинмен кездесті.

Мәулен Әшімбаев Федерация Кеңесінің Төрағасы Валентина Матвиенкомен кездесуде әріптесін Ресей парламентаризмінің 120 жылдығымен құттықтап, екі ел арасында өзара құрмет пен бір-бірінің мүддесін ескеруге негізделген берік әрі тұрақты ынтымақтастық қалыптасқанын атап өтті.

«Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткендей, Ресей Федерациясымен ынтымақтастықтың ауқымы өте кең, барлық салада тығыз байланыс орнаттық. Бүгінде Қазақстан мен Ресей арасындағы қарым-қатынас екі ел Президенттері — Қасым-Жомарт Тоқаев пен Владимир Путин арасындағы достық пен сенімге негізделген байланыстың арқасында жаңа сапаға көтеріліп, тың серпін алды. Осы ретте былтыр қараша айында Қазақстан Президентінің Ресейге жасаған мемлекеттік сапарының нәтижелі болғанын ерекше атап өткім келеді. Сол кезде Қазақстан мен Ресей арасындағы қатынастарды жан-жақты стратегиялық серіктестік пен одақтастық деңгейіне көтеру туралы декларацияға кол қойылуы сапардың негізгі нәтижесі болғаны анық», — деді Мәулен Әшімбаев.

Сенат Төрағасы өз сөзінде Қазақстанда жүзеге асырылып жатқан реформалар мен республикалық референдумның маңызына да тоқталып өтті.

«Біздің сапарымыз Қазақстандағы ауқымды саяси жаңғырулар кезеңімен тұспа-тұс келіп отыр. Қазір еліміз институционалдық дамудың жаңа кезеңіне қадам басты. 15 наурызда өткен республикалық референдумда Қазақстан халқы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың жаңа Конституция қабылдау жөніндегі бастамасын қолдап, дауыс берді. Жаңа Ата заңды қабылдаудағы басты мақсат — Қазақстанның мемлекеттілігі мен Тәуелсіздігін одан әрі нығайту, сондай-ақ, елдің саяси жүйесін жаңғырту. Шын мәнінде, Конституция біздің болашағымыздың манифестіне, ұзақ мерзімді даму бағдарын айқындайтын құжатқа айналып отыр», — деді Сенат Төрағасы.

Кездесу барысында парламентаралық байланысты одан әрі нығайту мәселелері де талқыланды. Тараптар 2025–2027 жылдарға арналған Парламентаралық ынтымақтастықты дамыту жөніндегі практикалық іс-шаралар жоспарына назар аударды. Бұл құжат екі ел депутаттарының, соның ішінде Сенат пен Федерация Кеңесі арасындағы ынтымақтастық комиссиясы аясындағы жүйелі жұмыс арқылы дәйекті түрде жүзеге асырылып келеді.

Өз кезегінде Валентина Матвиенко Қазақстанда жүргізіліп жатқан реформаларға жоғары баға беріп, бірқатар бағыт бойынша ынтымақтастықты арттыруға қатысты ұсыныстарын айтты.

«Біз Қазақстандағы ауқымды жаңғыртуларды назарда ұстап келеміз. Қазақстан Президенті жүргізіп отырған реформалар құрметке лайық. Саяси және экономикалық реформалар өте кәсіби, демократиялық әрі байыпты түрде, ең бастысы, халықпен диалог негізінде жүзеге асырылуда. Жаңа Конституцияны қабылдау жөніндегі референдумның нәтижесі Қазақстан халқы Президенттің бағдарын қолдайтынын айқын көрсетті. Сонымен қатар Қазақстанның парламентаралық жүйесін ауқымды өзгерістер күтіп тұрғанын да білеміз. Біз жаңа жағдайда да тиімді өзара іс-қимылды сақтауға ниеттіміз және Құрылтайды қалыптастыруға қатысты барлық рәсім аяқталып, оның жұмысы басталғаннан кейін диалогты жалғастырудың жаңа тетіктерін жедел қалыптастырамыз деп сенеміз», — деді Валентина Матвиенко.

Қазақстан мен Ресей арасындағы ынтымақтастықты нығайтуға қосқан елеулі үлесі үшін Валентина Матвиенко Мәулен Әшімбаевқа «Достық» орденін табыстады. Марапаттау рәсімінде Сенат Төрағасы бұл награда Қазақстан Парламентінің парламентаралық байланыстарды және Қазақстан — Ресей ынтымақтастығын дамыту жолындағы қызметіне берілген жоғары баға екенін айтты.

Сонымен қатар Қазақстан Президентінің Жарлығымен Ресей Федералдық Жиналысы Федерация Кеңесі төрағасының орынбасары Андрей Яцкин парламентаралық диалогты дамытуға және екіжақты қатынастарды нығайтуға қосқан елеулі үлесі үшін II дәрежелі «Достық» орденімен марапатталды.

Сондай-ақ Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы Мәулен Әшімбаев Ресей Мемлекеттік Думасының төрағасы Вячеслав Володинмен кездесті. Кездесуде тараптар екіжақты ынтымақтастықтың құқықтық базасын жетілдіру және халықаралық парламентаралық ұйымдар аясындағы өзара іс-қимылды арттыру мәселелерін талқылады.

Сапар кезінде Қазақстан Парламентінің депутаттары Кремль қабырғасындағы «Белгісіз жауынгер бейітіне» гүл шоқтарын қойды.

Сондай-ақ Сенат Төрағасы Мәулен Әшімбаевтың сапары Санкт-Петербург қаласында жалғасты. Қазақстан сенаторлары Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына мүше елдердің Парламент-



аралық Ассамблеясы Кеңесінің отырысына және мерейтойлық 60-пленарлық отырысына қатысты.

Мәулен Әшімбаев ТМД ПАА Кеңесінің отырысында сөз сөйлеп, биыл 30 жылдығын атап өтіп отырған Қазақстан Парламенті дамудың жаңа кезеңіне қадам басқанын айтты. Ол Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бастамашы болған және республикалық референдумда азаматтар қолдау білдірген жаңа Конституцияны қабылдау аталған ауқымды жаңғырудың негізі екенін де жеткізді.

Сондай-ақ реформалардың жоғары легитимдігі мен халықаралық стандарттарға толық сәйкестігін шетелдік байқаушылар, оның ішінде ТМД ПАА-ның беделді миссиясы растағанына мән берді.

«Қазақстанда биылғы 15 наурызда жаңа Конституция қабылдау бойынша республикалық референдум өтті. Соның нәтижесінде азаматтарымыз Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың елдің жаңа Ата заңын қабылдау жөніндегі бастамасын қолдады. Референдум мен дауыс беру үдерісі ашық, жария әрі халықаралық стандарттарға сай ұйымдастырылды. Дауыс беру барысын көптеген халықаралық байқаушы қадағалады. Солардың ішіндегі ең беделді топтардың бірі — ТМД Парламентаралық Ассамблеясының байқаушылар миссиясы екенін атап өткен жөн», — деді Сенат Төрағасы.

Палата Спикері құрамына 58 депутат пен сарапшы енген ТМД ПАА миссиясына сындарлы ұстанымы мен үдерісті тиімді үйлестіргені үшін алғыс білдірді. Сондай-ақ ол Қазақстан байқаушылардың жұмысын Достастық кеңістігіндегі сайлау үдерістерін жетілдіруге қосылған маңызды үлес деп бағалайтынын тілге тиек етті.

Ассамблеяның 60-пленарлық отырысында сөйлеген сөзінде Мәулен Әшімбаев 2026 жыл ТМД кеңістігі үшін ерекше символдық

мәнге ие екенін айтты. Биыл желтоқсан айында Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығын құрудың саяси-құқықтық негізін қалаған, оның басты қағидаттарын айқындап, сындарлы және өзара тиімді ынтымақтастыққа жол ашқан Алматы декларациясының қабылданғанына 35 жыл толады.

«Алматы декларациясы бүкіл Еуразия кеңістігінде ынтымақтастықтың жаңа келбетінің қалыптасуына бастау болды. Былтырғы қазан айында Душанбеде өткен ТМД Мемлекеттері басшылары кеңесінің отырысында Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев: «Мақсатымыз ортақ — Достастықты жасампаздық пен өрлеудің, жаңа идеялар мен мүмкіндіктердің кеңістігіне айналдыру», — деді. Осы орайда Достастық аясында сенім мен өзара құрметтің сақталып, нығая түсуі ерекше құндылық екені анық», — деді Мәулен Әшімбаев.

Сенат Төрағасы ТМД ПАА қызметінің негізгі бағыттарына да тоқталып, модельдік заңнаманы дамыту маңызды басымдықтардың бірі екеніне назар аударды.

«Адам құқықтарын қорғау, отбасы институтын нығайту және азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету салаларындағы модельдік заңнаманы дамыту — біздің өзара ықпалдастығымыздың маңызды бағыты. Қазақстан Парламенті Сенатының бастамасымен «Отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл туралы» модельдік заң жобасы әзірленді. Адам құқықтарын қорғауға, әйелдер мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге арналған маңызды заң жобасын әзірлеуге кәсіби тұрғыда атсалысып, диалогқа ашық болған барлық әріптеске шынайы ризашылығымды білдіремін», — деді Мәулен Әшімбаев.

Айта кетейік, ТМД ПАА-ның пленарлық отырысында барлық қатысушы мемлекеттің қолдауының нәтижесінде Қазақстан

бастамашы болған «Отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл туралы» заң қабылданды.

Сондай-ақ Ассамблея алаңында Мәулен Әшімбаев Қырғыз Республикасы Жоғорку Кеңешінің Төрағасы Марлен Маматалиевпен кездесті. Кездесуде аймақаралық байланыстарды нығайту перспективалары талқыланды. Тараптар бірлескен жобаларды жүзеге асыру жолындағы оң тәжірибеге назар аударып, экономикалық, саяси және мәдени серіктестікті одан әрі дамытуға дайын екендерін жеткізді.

Қазақстан Сенатының Төрағасы Түрікменстан Мәжілісінің Төрағасы Дунягозель Гулмановпен де кездесті. Онда екі ел басшылары кол жеткізген келісімдердің іске асырылуын парламентаралық деңгейде белсенді қамтамасыз етудің маңызы сөз болды. Әсіресе, денсаулық сақтау, көлік-логистика және мәдени-гуманитарлық бағыттардағы бірлескен жобаларға баса мән берілді.

Өзбекстан Республикасы Олий Мәжілісі Сенатының Төрағасы Танзила Нарбаевамен кездесуде Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы сауда-экономикалық, инвестициялық және мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықтың ауқымды мәселелері, сондай-ақ көпжақты алаңдардағы өзара іс-қимыл перспективалары талқыланды. Нақты айтқанда, сумен қамтамасыз ету, энергетика, экология, ауыл шаруашылығы, цифрландыру және азық-түлік қауіпсіздігі секілді салаларды қолдаудың маңызы кеңінен сөз болды.

Сонымен қатар Мәулен Әшімбаев Беларусь Республикасы Ұлттық жиналысы Республика Кеңесінің Төрағасы Наталья Кочановамен, Әзербайжан Республикасы Милли Мәжілісінің Төрағасы Сагиба Гафаровамен және Тәжікстан Республикасы Маджлиси Оли Маджлиси намояндагон Төрағасы Файзали Идизодамен кездесті.

## МӘЖІЛІС

23 МАМЫР 2026 | СЕНБІ

НОТАРИАТТЫҚ ҚЫЗМЕТКЕ  
ЖАҢА ТАЛАПТАР ЕНГІЗІЛЕДІ

Мәжіліс Спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен өткен жалпы отырыста депутаттар нотариаттық қызмет және машина жасауды дамыту мәселелері туралы заң жобаларын бірінші оқылымда мақұлдады. Салық кодексіне енгізілетін түзетулер екі оқылымда, сайлауды жетілдіру және атқарушылық өндірісті жетілдіру мәселелері бойынша заңдар екінші оқылымда қабылданды. Сонымен қатар Мәжіліс әскери қызметшілердің құқықтық жағдайын жетілдіру, қорғаныс және әскери қызмет мәселелері туралы заңды қабылдады.

Мәжіліс депутаттары бастамашы болған «Қазақстан Республикасының Салық кодексіне өзгерістер енгізу туралы» заң екі оқылымда қабылданды. Мәжіліс депутаты, бастама авторларының бірі Ерлан Стамбеков атап өткендей, өзгерістер жаңа Конституция мен «Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты туралы» Конституциялық заң нормаларын іске асыруға бағытталған.

Депутаттың деректері бойынша, заң жобасында құқықтық реттеудің мәнін өзгертпей, жекелеген нормалардың редакциясын техникалық тұрғыдан нақтылау және біріздендіру қарастырылған. Атап айтқанда, «шетелдік» терминін «шетелдік азамат» ұғымымен алмастыру, «тенге» сөзін «тенге» нұсқасына келтіру, сондай-ақ аумақ атауларын көрсету тәртібін астанаға басымдық бере отырып реттеу ұсынылады.

— Салық заңнамасындағы институционалдық атауларды жаңа конституциялық модельге сәйкестендіру қарастырылған. Осыған байланысты «Парламент» атауы «Құрылтай» атауымен ауыстырылып, сондай-ақ жаңа «Қазақстан Халық Кеңесі» институты енгізіледі, — деді Ерлан Стамбеков.

Бұған қоса, конституциялық заңнан осындай норманың алы-

нып тасталуына байланысты азаматтардың Конституциялық Сотқа жүгінуі кезіндегі мемлекеттік баж салығы жойылады.

Жалпы алғанда, ұсынылып отырған түзетулер құқықтық-техникалық сипатқа ие және заңнаманы жаңа институционалдық жүйеге сәйкестендіруге бағытталған. Олар салық жүктемесін де, салық салу тетіктерін де өзгертпейді.

Жалпы отырыс барысында нотариат саласындағы мемлекеттік бақылау жүйесін жетілдіруге бағытталған нотариаттық қызмет мәселелері бойынша депутаттық өзгерістер мен толықтырулар жобасы бірінші оқылымда мақұлданды. Заң жобасының нормаларын Мәжіліс депутаты, құжат авторларының бірі Нұрсұлтан Байтілесов таныстырды.

— Қолданыстағы модель нотариаттың жария-құқықтық табиғатын толық ескермейді және әділет органдарының құқықбұзушылықтарға жедел ден қою мүмкіндіктерін шектейді. Нәтижесінде бақылаудың тиімділігі төмендеп, азаматтардың шағымдары бойынша жедел әрекет етуді қиындатады. Осы мәселені шешу үшін мемлекеттік бақылау тәртібін тікелей «Нотариат туралы» заң шеңберінде бекіту ұсынылады, — деп түсіндірді депутат.

Бұған қоса, заң жобасында атқарушылық жазбаны тек борышкердің тіркелген жері бойынша жасау нормасын бекіту ұсынылды. Ал борышкердің тұратын аймағы сәйкес келмесе автоматты түрде бұғаттау тетігін енгізуді көздейді. Сонымен қатар борышкерге атқарушылық жазбаның көшірмесін «электрондық үкімет» порталы және SMS арқылы жеткізу фактісін тіркей отырып жолдау міндеті қарастырылады.

Заң жобасын қарау депутат Дмитрий Колоданың жетекшілігімен жұмыс тобының отырыстарында жалғасады.

Мәжіліс депутаттары бастамашы болған машина жасау мәселелері жөніндегі түзетулер де бірінші оқылымнан өтті. Құжатты әріптестеріне Мәжіліс депутаты, бастама авторларының бірі Айтуар Қошмамбетов таныстырды. Оның айтуынша, заң жобасында қолданыстағы заңнамаға нақты өзгерістер енгізу қарастырылған, бұл ретте өңдеуші өнеркәсіп саласының басқа да мәселелері қамтылады.

— Түзетулерде арнайы экономикалық аймақтардың тиімділігін арттырудың жаңа тәсілдері көзделген. Атап айтқанда, орта және жоғары қайта өңдеу деңгейіндегі тауарлар өндірісінің басым қызмет түрлерін белгілеу, АЭА қатысушыларының шарттық міндеттемелерін орындауын бақылауды күшейту, сондай-ақ АЭА әлеуетті қатысушылары үшін қайталанатын өндірістерді, сұранысқа ие емес өнім өндіруді болдырмайтын критерийлер енгізу ұсынылады, — деді депутат.

Заң жобасының басқа да нормаларымен елішілік құндылықты дамыту және өндірісті оқшаулау деңгейін тереңдету жөніндегі міндеттемелерді енгізу, түсті және қара метал сынықтары мен қалдықтарын жинау, сақтау, қайта өңдеу және өткізу жөніндегі қызметті реттеу және басқа да мәселелер реттеледі.

Түзетулерді екінші оқылымға дайындау үшін құжат жұмыс тобында Мәжіліс депутаты Мұқаш Ескендіровтің жетекшілігімен одан әрі талқыланады.

Сондай-ақ Мәжіліс депутаттары бастамашы болған әскери қызметшілердің құқықтық жағдайын жетілдіру, қорғаныс және әскери

қызмет мәселелері туралы заңды қабылдады. Түзетулер Мемлекет басшысының әскери қызметшілерді қолдау шараларын күшейтуге бағытталған тапсырмаларын іске асыру мақсатымен әзірленді.

— Біріншіден, қазармалық жағдайда орналасқан немесе карантиндік іс-шараларға тартылған әскери қызметшілерді мемлекет есебінен толыққанды тамақтандыру ұсынылады. Екіншіден, төтенше жағдайларды жою, терроризмге қарсы операцияларды жүргізу, сондай-ақ төтенше жағдай режимін қамтамасыз ету міндеттерін орындауға тартылатын Қарулы Күштер мен Шекара қызметінің әскери қызметшілеріне үш еселенген мөлшерде ақшалай төлем қарастырылған, — деді Мәжіліс депутаты, бастама авторларының бірі Олжас Құспеков.

Конституциялық Соттың қаулысын іске асыру мақсатымен заңмен қылмыстық-процестік заңнамаға сәйкес лауазымынан уақытша шеттетілген әскери қызметшіні ең төменгі жалақы мөлшерімен қамтамасыз ету қарастырылады. 25 жыл және одан көп еңбек сіңірген әскери қызметшілерге өз қалауы бойынша жұмыстан босау мүмкіндігін беру де қамтылған.

Түзетулер аясында Қорғаныс министрлігінің халықаралық ұйымдар мен шет мемлекеттердің әскери ынтымақтастық органдарындағы өкілдіктерінің қызметі регламенттеліп, жоғары әскери лауазымдарға ұсыну үшін кандидаттардың цифрлық рейтингі енгізіледі.

Қосымша баяндама жасаған Мәжіліс депутаты, жұмыс тобының жетекшісі Болат Керімбек құжатпен жұмыс барысында депутаттар еліміздің Қарулы Күштерінің Арнайы операциялар күштеріне арнаулы мақсаттағы бөлімше мәртебесін беру, сондай-ақ Қорғаныс министрлігіне олардың жедел мақсаттары мен міндеттерін айқындау өкілеттігін бекітуге бағытталған түзетулер енгізгенін хабарлады.

Жалпы отырыста «Кейбір заңнамалық актілерге сайлауды жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң екінші оқылымда ілеспе түзетулерімен қабылданды.

Мәжіліс депутаты, жұмыс тобының жетекшісі Үнзила Шапақ атап өткендей, құжаттың негізгі мақсаты — сайлау жүйесін жетілдіру, сайлау процесінің ашықтығы мен тиімділігін арттыру.

Негізгі заңда мәслихат депутаты бірмандатты аумақтық сайлау округі бойынша кері қайтарып алынған жағдайда оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату тәртібі нақтыланып, Бас прокурорға Инвестициялық омбудсмен өкілеттігі беріледі (аймақтарда ондай міндет-облыстық прокурорларға жүктеледі).

Түзетулердің жеке блогы Конституциялық реформамен байланысты. Онда Парламенттің бір палаталы құрылымға — Құрылтай моделіне көшуіне байланысты заңнамалық нормаларды сәйкестендіру, жаңа конституциялық институттарды құқықтық тұрғыдан бекіту қамтылған.

Сондай-ақ екінші оқылымда атқарушылық іс жүргізуді жетілдіру мәселелері жөніндегі депутаттық заң қабылданды. Мәжіліс депутаты, жұмыс тобының жетекшісі Дмитрий Колоданың дерегі бойынша, енді өндіріп алушы шектеу қоюға жол бермеу мақсатымен алиментті аудару үшін сот орындаушысына арнайы шот ұсынуға тиіс. Платформалық жұмыспен қамтитын интернет-платформалардың немесе мобильді қосымшалардың операторлары сот орындаушысының сұрауы бойынша борышкердің табысы туралы мәліметті беруге міндеттеледі.

Бұдан бөлек, Мәжілістің салалық комитеттері бірқатар жаңа құжатты жұмысқа қабылдады. Олардың қатарында Үкімет пен Жоғары аудиторлық палатаның 2025 жылғы республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есептері, екі ілеспе түзетулері бар «Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясын қабылдауға байланысты рақымшылық жасау туралы» заң жобасы, Жер кодексіне ауыл шаруашылығы жерлерінің ұтымды пайдаланылуына бақылауды күшейту мәселелері бойынша енгізілетін түзетулер және Түркі мемлекеттері ұйымына мүше мемлекеттердің үкіметтері арасындағы цифрлық экономика саласындағы әріптестік туралы келісімді ратификациялау туралы заң жобасы бар.

Жалпы отырыстың қорытындысы бойынша депутаттар мемлекеттік органдарға өзекті әлеуметтік және экономикалық тақырыптар бойынша 17 депутаттық сауал жолдады.

## МӘЖІЛІС БІРНЕШЕ ЗАҢ ЖОБАСЫН ҚАРАЙДЫ

Мәжіліс Спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен өткен бюро отырысында алдағы жалпы отырыстың күн тәртібінің жобасы нақтыланды.

Депутаттар бірінші оқылымда экология мәселелеріне, сондай-ақ техникалық және кәсіптік білім беру мен халықтың көші-қонына қатысты заң жобаларын қарайды.

Парламент депутаттары бастамашы болған экологиялық түзетулер саланы цифрландыруға, көміртекті офсетті регламенттеуге және қалдықтарды басқару жүйесін жетілдіруге бағытталған. Сонымен қатар заң жобасында өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қағидатын іске асыру, Ұлттық гидрометеорологиялық қызметті жаңғырту және экологиялық бақылауды жақсарту көзделіп отыр.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін жетілдіру, халықтың көші-қоны мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасына Сенат депутаттары бастамашы болды. Құжат техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін және көші-қон заңнамасын жетілдіруге бағытталған.

Екінші оқылымда Қазақстан Республикасының қаржы секторын дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасына сәйкес әзірленген Рейтингік қызмет туралы заң жобасын талқылау жоспар-



ланып отыр. Құжат Қазақстандағы рейтингтік қызметтің құқықтық базасын регламенттеп, жергілікті нарықты дамытуға жағдай жасайды. Жаңа нормалар рейтинг берілетін тұлғалар мен кредиттік рейтингтерді пайдаланушылардың құқығын және заңды мүддесін қорғауға, сондай-ақ кредиттік рейтинг агенттіктері қызметінің

ашықтығын және тәуелсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған.

Күн тәртібінің жобасына бірқатар халықаралық құжат бар. Олардың қатарында БҰҰ мен Қазақстан Үкіметі арасындағы Қазақстанда БҰҰ-ның Орталық Азия мен Ауғанстан үшін орнықты даму мақсаттары жөніндегі өңірлік орталығын құру туралы келісім мен

меморандум, сондай-ақ Өзбекстан Үкіметімен арадағы Қазақстан — Өзбекстан мемлекеттік шекарасының режимі туралы келісім бар. Бұдан бөлек, Мәжіліске Мамандандырылған мекемелердің артықшылықтары мен иммунитеттері туралы конвенцияға Қазақстанның ескертпесі мен мәлімдемесін алып тастау туралы заң жобасын қарау ұсынылады.

Қорытынды әзірлеу үшін салалық комитетке Қазақстан мен Қырғызстан үкіметтері арасындағы Елшіліктердің мұқтаждықтары үшін Астана қаласы мен Бішкек қаласындағы ғимараттар мен жер учаскелерін, Төтенше және өкілетті елшілердің резиденцияларын өзара өтеусіз пайдалануға беру туралы келісімді ратификациялау туралы үкіметаралық келісім жіберіледі.

## БАҒДАР

23 МАМЫР 2026 | СЕНБІ

## КӘСІПКЕР ӘЙЕЛДЕРГЕ ҚОЛДАУ КӨРСЕТТІ



Елімізде «Әйел және Бизнес. NEXT ERA» атты әйелдер кәсіпкерлігінің өңірлік конгресі басталды. Оның алғашқы жиыны Ақтау қаласында өтті. 250-ден астам қатысушы бас қосқан маңызды іс-шараны «AMANAT» партиясы жанындағы Әйелдер қанаты мен «Атамекен» ҰКП Іскер әйелдер кеңесі ұйымдастырды.

Ауқымды іс-шара Маңғыстау өңірінің барлық аудан-қаласынан келген кәсіпкер әйелдерді, қоғам белсенділерін, сарапшылар мен түрлі сала өкілдерін бір алаңға жинады. Конгресс аясында әйелдердің экономикалық белсенділігін арттыру, цифрлық трансформация, жасанды интеллект дәуіріндегі бизнес, отбасылық құндылықтар және қоғамдағы әйел көшбасшылығы мәселелері кеңінен талқыланды.

Конгресс STEPPE BAZAAR көрме-жәрмеңкесінен басталды. Онда өңірдегі 45-тен астам жергілікті кәсіпкер өз өнімін таныс-

тырды. Ұлттық тағамдар, колөнер бұйымдары, фермерлік өнімдер, отандық брендтердің киімдері мен тұрмыстық тауарлары көпшілік назарына ұсынылды. Бұл көрме жергілікті бизнестің әлеуетін ғана емес, ұлттық нақыш пен өңірлік кәсіпкерліктің жана тынысын көрсетті.

Пленарлық сессия барысында «AMANAT» партиясының Хатшысы, Әйелдер қанатының төрағасы Шолпан Қаринова бүгінде әйелдердің құқығын қорғау мен гендерлік теңдікті қамтамасыз ету мемлекеттік саясаттың маңызды бағытына айналғанын атап өтті.

«Әйелдердің әл-ауқаты – ұлттың жарқын болашағының кепілі. Сондықтан біз әйелдердің білім алуына, кәсіп бастауына, жаңа технологияларды меңгеруіне және шешім қабылдау процесіне қатысуына барынша жағдай жасауымыз керек. Әсіресе, ауылдағы кәсіпкер әйелдерге қолдау көрсету – стратегиялық міндет. Партия алдағы уақытта да осы бағыттағы жұмысын жалғастырады», – деді ол.

Шолпан Қаринова өз сөзінде «AMANAT» партиясы жанындағы Әйелдер қанаты ауыл әйелдерінің кәсіпкерлігін дамытуға, қаржылық сауаттылығын арттыруға және цифрлық мүмкіндіктерге қолжетімділігін кеңейтуге басымдық беріп отырғанын айтты.

Бүгінде партияның Әйелдер қанаты республика бойынша мыңдаған белсенді әйелді біріктіретін ауқымды қоғамдық күшке айналды. Әйелдер қанаты тек әлеуметтік мәселелермен шектелмей, кәсіпкерлік, инклюзия, цифрлық теңдік, ғылымдағы әйелдердің рөлі және саяси көшбасшылық бағыттарында жүйелі жұмыс жүргізіп келеді.

Конгресте сөз сөйлеген Маңғыстау облысы әкімінің орынбасары Аббат Өрісбаев әйелдер кәсіпкерлігін дамытуға, олардың қоғамдағы белсенділігін арттыруға бағытталған бастамалар мен қолдау ерекше құрметке лайық екенін атап өтті.

«Бүгін республика көлемінде ұйымдастырылып отырған өңірлік конгресс әйелдер кәсіпкерлігі,

цифрлық экономика, жасанды интеллект, отбасылық құндылықтар және өңірлік бизнесті дамыту бағыттарындағы жаңа сын-қатерлерді, мүмкіндіктер мен заманауи трендтерді талқылайтын ашық әрі маңызды алаңға айналып отыр. Кәсіпкер әйелдердің басын қосып, тәжірибе алмасуға, өзара байланыс орнатуға және жаңа мүмкіндіктерге жол ашатын осындай ауқымды іс-шараны ұйымдастыру – үлкен жауапкершілік пен қажырлы еңбектің нәтижесі. Осындай маңызды алаң көптеген кәсіпкер әйелге шабыт сыйлады деген сенімдемін», – деді Аббат Өрісбаев.

Өз кезегінде «Атамекен» ҰКП Іскер әйелдер кеңесінің төрағасы Ләззат Рамазанова өңірлік конгресс жергілікті жерлердегі әйелдерді қолдаудың нақты әрі тиімді құралына айналуға тиіс екенін атап өтті.

«Бүгінде әйелдер кәсіпкерлігі тек шағын бизнеспен шектелмейді, ол өңірлердің экономикалық дамуына серпін беретін маңызды күшке айналып отыр. Осындай конгрестер арқылы біз әйелдерге нақты тәжірибе мен практикалық құралдар ұсынып, жаңа орта қалыптастыруға мүмкіндік береміз әрі олардың бастамалары экономика, отбасы және қоғам үшін маңызды екенін сезіндіруді көздейміз. Бұл ретте біз үшін тек бизнес пен мансап мәселесін талқылау жеткіліксіз. Отбасы құндылығы, ішкі үйлесім, бала тәрбиесі және әйелдің өз болмысын жоғалтпай, түрлі рөлді қатар алып жүруі де аса маңызды», – деді Ләззат Рамазанова.

Жиын соңында қатысушылар әйелдер кәсіпкерлігін дамыту, тәжірибе алмасу және өңірлік іскерлік байланысты нығайту бағытындағы мұндай алаңдардың маңызы зор екенін атап өтті.



## «ҚАРЫЗСЫЗ ҚОҒАМ» – ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТ КЕПІЛІ



Астанада блогерлер мен бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері «AMANAT» партиясының «Қарызсыз қоғам» жобасының кеңсесіне келді. Пресс-тур барысында медиа қауымдастық қиын жағдайға тап болған азаматтарға көмек көрсетуге бағытталған Қазақстандағы ең ірі әлеуметтік жобалардың бірінің күнделікті жұмысымен танысты.

Жоба директоры Олжас Ордабаев меймандар алдында сөз сөйледі. «Біздің басты міндетіміз – сіздерге «Қарызсыз қоғам» қалай жұмыс істейтінін көрсету. Шын мәнінде, бұл – бірегей жоба. Себебі байланыс орталығының заңгерлері күн сайын шамамен үш мың

адамға қызмет көрсетеді. Бізге күрделі жағдайға тап болған, несие жүктемесі жоғары және төлем мерзімін кешіктірген азаматтар жүгінеді», – деді Олжас Ордабаев.

Заң блогының жетекшісі Самал Абаева жоба заңгерлерінің жұмыс ерекшелігін таныстырды.

«Бүгінде заңнамада қарыз жүктемесін реттеудің түрлі тетігі қарастырылған. Олардың қатарында қайта құрылымдау, төлем қабілетін қалпына келтіру, соттан тыс және сот арқылы банкроттықты рәсімдеу қадамдары бар. Алайда тәжірибе жүзінде көп азамат ақпараттың аздығынан өз жағдайына қай механизмнің сәйкес келетінін түсінбей жатады. «AMANAT» партиясының «Қарызсыз қоғам» жобасы аясында заңгерлер азаматтарға тегін кеңес беріп, құқықтық талдау жүргізеді, қажет болған жағдайда құжат әзірлеуге және сотқа жүгінуге көмектеседі», – деді Самал Абаева.

Журналистер мен қоғамдық пікір көшбасшылары тек жұмыс барысын бақылап қоймай, кеңесші рөлін атқарып көрді. Олар «Заң кеңесшісінің рөлінде» атты тәжірибелік формат аясында азаматтардың нақты өтініштерін карап, сотқа дейінгі және сот процесіне қатысты мәселелерді талдады. Сонымен қатар қонақтар жоба арқылы нақты көмек алған азаматтармен де тілдесті.

Қатысушылардың көбін жоба аясында командаға артылатын жүктеме ауқымы танырқатты. Күн сайын жоба кеңсесіне азаматтар

тарапынан 900-ден 1 100-ге дейін қоңырау шалынады. Бұдан бөлек, қызметкерлер WhatsApp мессенджері арқылы 2 мыңға жуық диалогты өңдейді. 2026 жылы қаңтар-сәуір айлары аралығында call-орталығында атқарылған жұмыс аясында 91 777 қоңырау өңделді. Соның 40 558-і – кіріс, 51 212-сі – шығыс қоңыраулар. Сондай-ақ WhatsApp арқылы 112 505 диалог жүргізілді. Бүгінде жоба кеңсесі жұмысына ел аумағында 60-тан астам заңгер, өңірлік үйлестірушілер және жергілікті атқарушы органдардың өкілдері тартылды.

Қонақтарға әрбір өтініш нақты уақыт режимінде тіркелетін CRM-жүйе таныстырылды. Жобаның жұмыс қағидаты толық ашықтыққа негізделген: бірде-бір өтініш жауапсыз қалмайды, нәтиже құжатпен расталады, ал мәселе шешілмеген жағдайда азаматқа оның себебі түсіндіріледі. Әсіресе, қарызды қайта құрылымдау, шоттардан бұғатты алып тастау және банкроттықты рәсімдеу ісіне қатысты өтініштерді 5 минутқа жетпейтін уақытта азаматтардың өз бетінше дайындауына мүмкіндік беретін Tele-

gram Bot көпшілікті қызықтырды. Пайдаланушы деректерді жүктеген сәттен бастап, дайын құжат алғанға дейінгі барлық процесс автоматтандырылды. Бот қазақ және орыс тілдерінде жұмыс істейді және Telegram желісінде тәулік бойы қолжетімді – @Qaryzsyz\_Qogam\_bot.

Мемлекет басшысының тапсырмаларын ойдағыдай орындау мақсатында 2023 жылдан бері «AMANAT» партиясының бастамасымен «Қарызсыз қоғам» жобасы жүйелі жүзеге асырылып келеді. Осы уақыт аралығында бір миллионға жуық азаматқа құқықтық көмек көрсетілді. Жалпы саны 988 885 заңгерлік кеңес пен қызмет ұсынылды. Соның ішінде барлық өтініштің 45,6%-ы – қарыздарды қайта құрылымдау, 28,5%-ы – шоттардан бұғатты алып тастау, 5,3%-ы – банкроттықты рәсімдеу, 1,6%-ы – төлем қабілетін қалпына келтіру мәселелеріне, ал 19%-ы өзге де консультациялық қызметтерге арналды. Құқықтық көмектен бөлек, 867 650 адам қаржылық сауаттылық бойынша онлайн-оқудан өтті. Барлық қызмет азаматтарға тегін көрсетіледі.

## ТҮЙТКІЛ

23 МАМЫР 2026 | СЕНБІ

Қазақстан мен Қытай шекарасында достық дәнекеріне айналған ортақ шаһардың құрылғанына 20 жыл толды. Әңгіме, әрине, «Қорғас» ШЫХО туралы. Бұл – тек сауданың алтын көпірі ғана емес, қос мемлекеттің ынтымақтастығы мен серіктестігі, бейбіт тату көршілігі, халықаралық беделі тұрғысынан стратегиялық маңызды, тарихи мейга-жоба. Десек те, бүгінде ол қордаланған күрделі түйткілдердің құрсауында қалып, қоғам мен қалаулылар сынына ұшырады. Проблеманың ауқымдылығы сонша, оны ІІМ, ҰҚК, Қаржы министрлігіне жеке кеңесте талқылауға тура келген.

## Айхан ШӘРІП

### САУДАНЫҢ АЛТЫН КӨПІРІ МЕ, САРСАННЫҢ ҚЫЛ КӨПІРІ МЕ?

«Қорғас» шекара маңы ынтымақтастығының халықаралық орталығы – Қазақстан мен Қытайға төл өнімдерін бір-біріне тікелей, еш делдалсыз өткізуге, ал оның тұрғындарына визасыз кіріп, еркін сауда-саттық жасауға, ортақ туризмді дамытуға арналған бірегей аймақ. Ол Жетісу облысы аумағында, Алматыдан шамамен 330 шақырым жерде орналасқан. Еске салсақ, «Қорғас» ШЫХО» АҚ басқарушы компаниясы пандемияға байланысты аумақты 3 жылға жауып, саяхатшыларды қабылдауды тоқтатқан болатын. Осы жылдары бұрыннан қордаланған біраз проблеманы шешіп тастауына толық мүмкіндігі болды.

Орталықтың өзі «дәл солай жасадық» деп отыр. Оның мәліметіне қарағанда, сол кезеңде орталықтың өткізу кеденінде күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп, келіп-кетушілерге қолайлы жағдайлар жасалды. «Қорғасқа» тек Қазақстанның түкпір-түкпірінен емес, сондай-ақ Ресей және ТМД-ның басқа елдерінен туристер ағылатыны белгілі. Сондықтан орталықтың қызметі барлық бағытта цифрландырылыпты, осы арқылы келушілерді қабылдау және қызмет көрсету сапасының деңгейін арттыруға күш салды. ШЫХО аумағында автокөліктер кептелісіне жол бермеу үшін оны тастап кететін автоматтандырылған тұрақ, билет пен багаждың автоматтандырылған жүйесі іске қосылған. Жолаушылар залында анамен бала бөлмесі, банк бөлімшелері, дәріхана, дүкендер және басқасы ашылған.

Әйткенмен, өркендеу әлеуетінің жоғарылығына қарамастан, «Қорғас» ШЫХО бірқатар өткір мәселеден бас көтере алар емес. Ең күрделі әрі түйткілді мәселелер қатарында сарапшылар келесіні атайды. Орталықты басқарудың



## «ҚОРҒАСҚА» 20 ЖЫЛ: МИЛЛИОН ТУРИСТ, МЫҢ ТҮЙТКІЛ

әртүрлі бөлігі мен тетіктеріне жауапты құрылымдар арасындағы ведомстваралық үйлесімнің әлсіздігі және өзара байланыстың нашарлығы, ШЫХО-дағы Қазақстан мен Қытай жағының инфрақұрылымдық дамуының тең емесі, яғни бір-біріне сай келмеуі, логистикалық және көлік тораптарындағы кептеліс пен үлкен жүктеме, бұл аймақ ұсынатын зор мүмкіндіктер туралы кәсіпкерлердің ақпараттандырылу деңгейінің тым төмендігі және басқасы бар.

Тіпті қарапайым инфрақұрылымға қатысты да кемшін тұстар жетіп артылады екен. Мысалы, кәсіпкерлердің шағымдануына, Қазақстан тарапында сумен жабдықтау, жылу беру және көріз жүйелерінде ақаулар туындап тұрады. Қытайлық бөлігі кәсіпкерлеріне, сауда орындарына мелдектей толып тұр, тауардың неше атасы табылады, ал қазақстандық бөлігі әлі де жете жүктелмеген: шетелдік қонақтар іздегенін таппай жатады. Өз кезегінде бизнес өкілдері шектен тыс жоғары алым-салықтар мен негізсіз төлемдер жиналатынына шағымданады. Мәселен, бизнестің жүк көлігінің орталыққа бір рет кіргені үшін бірнеше жүз мың теңге, ал жалға алушылардың жеңіл автокөлігінің рұқсат қағазы үшін айына ондаған мың теңге талап етілетін көрінеді.

Қарапайым жұрттың пікіріне назар аударсақ, негізгі көңіл толмастық біріншіден, ұзын-сонар кезекпен, өткізу қабілетінің төмендігімен (күніне 8-9 мыңдай адамды ғана өткізе алады), келушілер мен жүк көліктерінің ағынын ұйымдастырудың жете үйлестірілмеуімен, автотұрақ табудың күрделілігімен байланысты. Бұл орталықтың әлеуетін толыққанды жүзеге асыруға, транзитке тежеу.

Екіншіден, келушілер баж салығынсыз әкете алатын тауар көлемін арттыруды (айына 25 келі тауар ғана тегін, бұл бір чемоданнан аспайды), багаж қабылдау жүйесін жаңғыртуды және жүктерді шатастыруды жоюды, қоғамдық тәртіпті күшейтуді (полицияны табу оңай емес көрінеді), кеденшілер штатын ұлғайтуды ұсынды. Сондай-ақ көрші жағы-

ның толыққанды жүктелуі аясында Қазақстан бөлігінің кейбір қанаттарының қанырап бос жатқаны көңілге қаяу түсіреді екен.

### ӨРКЕНДЕУ ЖОЛЫНДА ӨТКЕЛДЕР АШЫҚ ПА?

«Қорғастың» ҚХР-ға «тәуелділігі» жұртшылықтың аландаушылығын туғызады: 2026 жыл басында қытай «Жаңа жылын» тойлағанда, қазақстандық бөлік те екі аптаға жабылуға мәжбүр болыпты. Сонда ШЫХО бизнес пен туристерге орталықтың 16 акпаннан 1 наурыз аралығында жабық болатынын ескерткен-тін. Ковид кезінде де негізінен көршінің талабымен есігіне қара құлып ілген екен.

Қарша бораған сынға жауап берген Жетісу әкімдігі орталықтың жетістіктеріне екпін түсірді. Оның дерегінше, пандемиядан кейін қайта ашылғалы, 4 жылда келуші саны 967 мыңнан 1,8 миллионға дейін өсті.

– Кейінгі жылдары «Қорғас» шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығында цифрландыру, автоматтандыру, инфрақұрылымды жаңғырту бойынша іс-шаралар кешені іске асырылып жатыр. Соның нәтижесінде ол туризмді, сауданы және инвестицияларды дамытуға бағытталған, заманауи инфрақұрылымы бар тиімді алаңға айналды, – деді Жетісу облысының әкімдігі.

«Қорғас» ШЫХО басқарма төрағасының орынбасары Сейілбек Садырбектің айтуынша, мұнда барлық басқару және өткізу процесі толықтай цифрландырылып, Face ID жүйесі енгізілген.

– «Қорғас» ШЫХО бас ғимаратына күрделі жөндеу жүргізілді. Кіруден бастап тауарды беруге дейінгі барлық процесс толықтай цифрлық форматқа көшірілді. QR-код арқылы онлайн-билеттер сатып алу мүмкіндігі пайда болды. Соның арқасында орталықтың өткізу қабілеті айтарлықтай артты. Мысалы, 2024 жылмен салыстырғанда былтыр келушілер саны 16%-ға өсті. Егер бұрын біз күніне 4-5 мың адамды ғана қабылдасақ, қазір 9 мыңға дейін адамға қызмет көрсете аламыз. Биыл бұдан да

көп турист күтіледі, – деп атап өтті С.Садырбек.

Бұдан бөлек, екінші жүк терминалы және «Қазпошта» АҚ компаниясының жүк тасымалдау сервисі іске қосылды. Осының арқасында тауарларды тасымалдау елеулі жеңілдеді: бұрын бұған 4-5 сағат кетсе, цифрландырудан кейін 1-1,5 сағатқа дейін қысқарыпты.

«Қорғас» мәселесін көтеріп жүрген сенатор Сүйіндік Алдашев кейбір мәселе әлі де қалғанын ескертті. Жол инфрақұрылымының белгілі бір бөлігі дайын бола тұра, ШЫХО мен Қорғас ауылындағы ескі кеден бекетінің әлеуеті толық пайдаланылмай тұр. Бұл көлік ағындарының тиімділігіне кері әсерін тигізді. Сондай-ақ «Қорғас» орталығының қытай бөлігі әкімшілік тұрғыда Шыңжаң-Ұйғыр автономды ауданының Іле-казак автономды округіне бағынып, соның құрамына кіретіні мәлім.

Содан Қытайдың шекаралас аумағында, Қорғастың қытай бөлігінде жүрген Қазақстан азаматтары тосын не жазатайым жағдайға тап болса, мысалы, жол апатына ұшыраса, аптаптан жүрегі тоқтап қалса, жедел консулдық көмекке қол жеткізе алмайды. Қытай заңнамасына сәйкес, қайтыс болған қазақстандықтың мәйіті өңірдің әкімшілік орталығы – 700 шақырым жердегі Үрімші қаласына жеткізіліп, сол жерден Қазақстанның консулдығында тиісті құжаттарды рәсімдеу талап етіледі. Марқұмның туыстары көп қаржысын және уақытын шығындауға мәжбүр.

– Екі ел өзара визасыз режим енгізгенімен, жеңіл автокөліктердің кіру тәртібінде тепе-теңдік жоқ. ҚХР азаматтары Қазақстанға машинасымен еркін кіреді, ал Қытай қазақстандықтардан автокөлік құнының 40% мөлшерінде сақтандыру депозитін енгізуді және медсақтандыруды рәсімдеуді талап етеді. Қытай көліктеріне Қазақстан мұндай талаптар қоймайды, соның салдарынан олардың елімізде іс жүзінде бақылаусыз жүруіне жол беріліп жатыр, – деді Сенат депутаты С.Алдашев.

### ЖҮЙЕНІ ЖАҢҒЫРТУҒА ҚАЖЕТТІЛІК БАР

Жуырда бір топ сенатор Үкіметтен біріншіден, Қорғастың қытай бөлігінде Қазақстан консулдығының арнайы бөлімшесін ашуды сұраған еді. Екіншіден, депутаттар Қазақстанның екі ел арасында кіріп-шығатын автокөліктерге қойылатын талаптардың тең болуына табандауы керекін атап өтті. Үшіншіден, Қазақстан үкіметаралық деңгейде біздің азаматтарға шекараны жүк көлігімен де, жаяу да еркін кесіп өту құқығын өперу мәселесін пысықтап, ҚХР-дың «жүксіз шықпау» талабының жойылуына қол жеткізгені жөн. Алайда бұл депутаттық бастамаларды Үкіметтің қабылдаудан бас тартқаны енді анықталды. Ол туралы Премьер-министр О.Бектеновтің Сенатқа хатында айтылған.

– Қазір Бейжіңде орналасқан Қазақстан елшілігінің консулдық бөлімі Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданы аумағындағы Хоргоста азаматтарымызға қатысты туындайтын мәселелер бойынша тұрақты және жедел түрде консулдық-құқықтық көмек көрсетіп келеді. Бұл бағытта қажетті қолдау шараларының толық көлемде қамтамасыз етілуіне орай ҚХР-дың Хоргос қаласында жеке консулдық бөлімше ашуды орынсыз деп санаймыз. Бұған қоса, ҚР мен ҚХР арасындағы қолдан-қолдан тетіктер қазақстандықтардың құқықтары мен мүдделерін жеткілікті деңгейде тиімді қорғауға мүмкіндік беретінін атап өтеміз, – деп дәйектеді Үкімет басшысы.

Олжас Бектенов елге уақытша кіретін шетелдік көлік иелеріне қатысты сақтандыру депозиттерін не өзге де қосымша қаржылық кепілдіктерді енгізу туралы талаптар Қазақстан заңнамасында көзделмегенін еске салды. Ал Қытайда бұл заңмен бекітілген екен. Қазақстан одан «заңынды өзгерт!» деп қолқалай алмайды.

Оның орнына қытайлық көліктерден де депозит талап етуге болар еді, бірақ Үкімет оған бармайды. Тек ҚХР азаматтарына тегін медициналық қызмет көрсету орнына міндетті сақтандыруды енгізу қарастырылуы мүмкін. Бүгінде Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Ұлттық банкпен бірлесіп сақтандыру нарығын дамытудың 2030 жылға дейінгі бағдарламасын, сондай-ақ «Сақтандыру қызметі туралы» жаңа заңының жобасын әзірлеп жатыр. Премьер-министр осы жұмыс шеңберінде ҚР аумағына келетін шетелдік туристер үшін міндетті медициналық сақтандыруды талап ету мүмкіндігі қарастырылатынын жеткізді.

2005 жылғы 4 шілдедегі «ҚР Үкіметі мен ҚХР Үкіметі арасындағы «Қорғас» ШЫХО-ның қызметін реттеу туралы келісімге» өзгерістер пен толықтырулар енгізу жұмысы қолға алынды. Тиісті хаттама жобасы Қытайдың қарауына жіберілді. Түзетулер жобасында Қазақстан «Қорғас» орталығын тәулік бойы жұмыс істеуге көшіруді, өткізу пунктін ашуды, «Қорғас» ШЫХО-ның екі жағынан да азаматтардың өтуін қамтамасыз ету бөлігінде түзетулер енгізуді ұсынып отыр.

## ӨЗЕКТІ

23 МАМЫР 2026 | СЕНБІ

# ТҰРҒЫН ҮЙ НАРЫҒЫНДА ЖАҢА ТӘРТІП

Қазақстанның тұрғын үй нарығы тағы бір бұрылыстың алдында тұр. Бір жағынан, баға әлі де өсімін тоқтатқан жоқ. Екінші жағынан, 1 шілдеден бастап ипотека беру тәртібі қатаяды. Енді негізгі сұрақ – жаңа ережелер нарықтың екпінін бәсеңдеті ме, әлде сұраныс бұрынғы қарқынын сақтай ма?

**А** Кәмила ДҮЙСЕН

Соңғы деректерге қарағанда, баспанаға сұраныс әлі де жоғары. Ұлттық статистика бюросының мәліметінше, 2026 жылғы сәуірде тұрғын үйді сатып алу-сату мәмілелерінің саны наурызбен салыстырғанда 23,4 пайызға өскен. Бір айда 27 331 пәтер бойынша мәміле жасалған. Негізгі үлес Астана мен Алматыға тиесілі.

Баға да тоқтар емес. Сәуірде жаңа тұрғын үйдің бір шаршы метрі ел бойынша орта есеппен 615 933 теңгеге жетіп, бір айда 0,6 пайызға өскен. Қайталама нарықтағы пәтерлер 0,9 пайыз қымбаттаған. Алматыда жаңа пәтердің шаршы метрі 733 375 теңге болса, Астанада 731 990 теңгеге жеткен.

Нарыққа тікелей әсер ететін басты өзгерістің бірі – ипотекалық талаптардың қатаюуы. Krisha.kz мәліметінше, 1 шілдеден бастап ипотека бойынша екі түрлі шекті мөлшерлемесі енгізілуі мүмкін: бастапқы жарна 30 пайыздан жоғары болса – 20 пайызға дейін, ал 30 пайыздан төмен болса – 25 пайызға дейін. Сонымен бірге банктер қарыз алушының табысы мен борыш жүктемесіне бұрынғыдан қатаң қарай бастайды.

Бұл өзгеріс нарықты біртіндеп іріктеуі мүмкін. Алғашқы жарнасы жеткілікті, ресми табысы тұрақты азаматтар үшін ипотека алу мүмкіндігі сақталады. Ал табысын дәлелдеу қиын немесе бастапқы жарна жинай алмаған адамдарға баспана алу бұрынғыдан күрделене түсуі ықтимал.

Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі мұны банк жүйесіндегі тәуекелді азайту қажеттігімен байланыстырады. Агенттік түсіндірмесіне қарағанда, қазіргі базалық мөлшерлемесі жағдайында ипотекалық пайызды күрт төмендету банктердің нарықтық ипотеканы қысқартуына әкелуі мүмкін.

Ал жаңа үйлер нарығында құрылыс компаниялары сатып алушыны ұстап қалудың түрлі жолын ұсынып жатыр. Қазір серіктестік ипотека, бөліп төлеу, төмендетілген мөлшерлемесі секілді ұсыныстар көбейген. Krisha.kz зерттеуінше, жаңа құрылыстағы ипотекалардың мөлшерлемесі негізінен 20-24 пайыз деңгейінде.



## ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖИНАҒЫНА ЖАҢА ШЕКТЕУ

Осы тұста тұрғын үй нарығына әсер етуі мүмкін тағы бір мәселе – БЖЗК-дағы жеткіліктілік шегін қайта қарау бастамасы. Егер жаңа тәсіл күшіне енсе, тұрғын үйге шешіп алуға болатын зейнетақы жинағы азаюы мүмкін.

БЖЗК мәліметінше, жеткіліктілік шегі өскен сайын азаматтың шотында қалуы тиіс ең төменгі сома да ұлғаяды.

«Жеткіліктілік шегі көлемінің өсуіне байланысты шешіп алуға болатын жинақ көлемі қысқаруы мүмкін. Өйткені зейнетақы шотында қалуға тиіс ең төменгі сома ұлғаяды», – делінген кор түсіндірмесінде.

Соңғы жылдары көптеген қазақстандық бастапқы жарнаны дәл осы зейнетақы жинағы арқылы жауып келгенін ескерсек, бұл өзгерістің ипотека нарығына жаңа әсері болуы мүмкін.

Қор өкілдерінің айтуынша, тұрғын үйге қаражат шешіп алу кезінде азаматтың шотында болашақтағы төлемдерді қамтамасыз етуге жеткілікті қаржы қалуы міндетті түрде ескеріледі. «Жеткіліктілік шегіне қатысты шектеулер болашақтағы зейнетақы төлемдерінің жеткілікті деңгейін сақтау үшін енгізіліп отыр», – деп түсіндірді БЖЗК.

Жаңа әдістеме бойынша мемлекет болашақтағы зейнетақының халықаралық стандарттарға жақындауын көздеп отыр.

«Жаңа әдістеме бойынша жеткіліктілік шегінен асатын қаражатты шешіп алған азаматтың болашақтағы зейнетақы төлемі медианалық жалақының шамамен 40 пайызына жуық деңгейге жақындайды», – делінген ресми ақпаратта.

Осылайша, ипотекалық талаптардың қатаюуы мен зейнетақы жинағын пайдалану шарттарының өзгеруі тұрғын үй нарығындағы сұранысқа қатар әсер етуі мүмкін. Нарықтағы белсенділік толық тоқтамаса да, алдағы кезеңде сатып алушылардың мүмкіндігі бұрынғыдан мұқият есептеле бастайтын түрі бар.

## ИПОТЕКА ЖАРНАМАСЫ НЕНІ ЖАСЫРАДЫ?

Тұрғын үй нарығындағы тағы бір үлкен бағыт – серіктестік ипо-



**Қазір Алматы мен Астанадағы жаңа тұрғын үйдің шаршы метрі шамамен 733 мың теңгеге жеткен. Ал жалдау нарығындағы баға бұдан да қатты сезіледі. Алматыда жалдау құны бір шаршы метрге 5 824 теңгеге, Астанада 5 529 теңгеге дейін көтерілген.**

тека. Соңғы жылдары банктер мен құрылыс компаниялары бірлесіп ұсынатын мұндай бағдарламалар күрт көбейді. Жарнамада «1 пайыздық ипотека», «жеңілдетілген төлем» деген ұсыныстар жиі айтылады. Бірақ мамандар мұндай жарнаманың артында қосымша шарттар болуы мүмкін екенін ескертеді.

«Көп жағдайда «0,1 пайыздық ипотека» кредиттің бүкіл мерзіміндегі мөлшерлемесі емес, уақытша жеңілдік кезеңі болып шығады. Алғашқы бір-екі жылда қарыз алушы ең төмен мөлшерлемесімен төлейді, содан кейін кредит стандартты шарттарға ауысады», – дейді Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі.

Яғни қазір сатып алушы тек пәтер бағасына емес, жеңілдік кезеңі аяқталғаннан кейінгі нақты төлемге де қарауға мәжбүр. Өйткені бастапқыда қолжетімді болып көрінген ипотека кейін отбасы бюджетіне ауыр салмақ салуы мүмкін.

Мамандар ипотеканы ай сайынғы алғашқы төлеммен емес, бүкіл несие мерзіміндегі жүктемені бағалауға кеңес береді.

«Серіктестік ипотеканы «7-20-25» немесе «Наурыз» сияқты мемлекеттік бағдарламалармен шатастырмау керек. Бұл – банк пен құрылыс салушының коммерциялық өнімі», – дейді агенттік өкілдері. Тұрғын үй нарығындағы өзгерістер енді тек ипотекамен өлшенбейді. Қазақстанда урбанизация күшейген сайын «қай қалада өмір сүру тиімді?» деген сұрақ та маңызды бола бастады.

## НАРЫҚ НЕНІ АҢҒАРТЫП ОТЫР?

Соңғы деректер бойынша ішкі көші-кон өсімі ең жоғары қала – Астана. Алматы мен Шымкент те халық тартуды жалғастырып жатыр. Бірақ халық көп жиналған сайын өмір сүру құны да қымбаттап барады.

Қазір Алматы мен Астанадағы жаңа тұрғын үйдің шаршы метрі шамамен 733 мың теңгеге жеткен. Ал жалдау нарығындағы баға бұдан да қатты сезіледі. Алматыда жалдау құны бір шаршы метрге 5 824 теңгеге, Астанада 5 529 теңгеге дейін көтерілген.

Осы тұста Шымкент жиі айтыла бастады. Себебі мұнда тұрғын үй бағасы мен күнделікті тұрмыс шығындары екі мегаполиске қарағанда әлдеқайда төмен. Жаңа баспананың шаршы метрі шамамен 535 мың теңге болса, бір бөлмелі пәтерді жалдау құны орта есеппен 142 мың теңге деңгейінде. Дегенмен мұның екінші жағы да бар. Шымкентте орташа жалақы көлемі ірі қалалармен салыстырғанда төмен. Ресми статистика бойынша қала-

үйдің қымбаттауы өмір сүру құнын барған сайын ауырлатып барады.

«Қазақстанның тұрғын үй нарығы өмір сүру тым қымбаттап бара жатқан қалаларды анық көрсете бастады. Қазір тұрғын үй бағасы жай ғана жылжымайтын мүлік туралы емес, елдегі капитал, жұмыс орындары мен экономикалық белсенділік қай өңірлерге шоғырланып жатқанын көрсететін индикаторға айналып барады», – дейді Ecomomykz сарапшылары.

Сарапшылардың есебінше, сәуір айында жаңа тұрғын үй бағасы былтырғы жылмен салыстырғанда 15,1 пайызға, қайталама нарық 11,1 пайызға, ал жалдау бағасы 10,9 пайызға өскен. Әсіресе, Алматы мен Астанадағы баға басқа өңірлерден біртіндеп алшақтап барады.

«Алматы мен Астана арасындағы айырмашылық қазір тек география емес, өмір сүру құнының айырмасына айналып барады. Алматы барлық сегмент бойынша ең қымбат қала күйінде қалып отыр. Астанада да баспана бағасы жоғары, бірақ мұнда әкімшілік және сервис экономикасына байланысты тұрақты сұраныс сақталып тұр», – деп атап өтті сарапшылар.

Осы тұста Ecomomykz Шымкенттің де бөлек экономикалық модельге айнала бастағанына назар аударған. Сарапшылардың пікірінше, тұрғын үйдің салыстырмалы арзандығы мен жалдау бағасының төмендігі оңтүстік мегаполисті халық үшін тартымды етіп отыр.

«Шымкент қазір елдегі ең тенгерімді ірі нарықтардың бірі сияқты көріне бастады. Мұнда тұрғын үйге кіру бағасы төменірек, жалдау нарығындағы қысым жұмсақтау, ал баға өсімі әзірге Алматы мен Астана деңгейіне жеткен жоқ», – дейді Ecomomykz өкілдері.

Сарапшылар әсіресе жалдау нарығына назар аударуды ұсынады. Өйткені дәл осы сегмент ішкі көші-кон мен экономикалық өзгерістерді бірінші болып көрсетеді. Қазір жұмыс пен табыс көбейген өңірлерде пәтер жалдау құны да жылдам өсіп жатыр.

«Жалдау нарығы ішкі миграцияны ең дәл көрсететін индикаторға айналды. Жұмыс орындары мен табыс қай қалада көбейсе, өмір сүру құны да сол жерде бірден өседі. Сондықтан тұрғын үй нарығы енді тек пәтер туралы емес, Қазақстан экономикасының болашақ картасын көрсететін факторға айналып барады», – дейді сарапшылар.

Сөйтіп, Қазақстанның тұрғын үй нарығы жаңа кезеңге қадам басты деуге болады. Бұрын нарықтың басты қозғаушысы арзан ипотека мен жоғары сұраныс болса, енді оған өмір сүру құны, жалдау бағасы, бастапқы жарна және нақты төлем қабілеті де тікелей әсер ете бастады. Баспана нарығы бұрынғыдай қызу күйінде қалуы мүмкін, бірақ сатып алушының таңдауы енді әлдеқайда есеппен жасалатын түрі бар.

## ӘЛЕУМЕТ

23 МАМЫР 2026 | СЕНБІ



# БІЛІМ АЛУ ДЕМАЛЫСЫ:

Қазақстанда Еңбек заңнамасына енгізілгелі отырған жаңа түзетулер қоғамда талқылана бастады. Сенат қараған өзгерістер қабылданса, енді кейбір қызметкерлер жұмыс орны мен орташа жалақысын сақтай отырып, алты айға дейін білім алу демалысына шыға алады. Бұл бастама бір қарағанда, адами капиталды дамытуға бағытталған заманауи әрі прогрессивті қадам секілді көрінеді. Алайда оның екінші қыры бар. Жұмыс берушілер үшін мәселелер туындауы мүмкін.

**А** Айгүл СЕЙІЛ

## ҒЫЛЫМИ ІЗДЕНІСКЕ ДЕМЕУ

**Ж**аңа нормаға сәйкес, қызметкерлер ғылыми зерттеу жүргізу, диссертация жазу және қорғау, кәсіби даярлықтан өту, білімін жалғастыру немесе әскери резерв бағдарламаларын аяқтау үшін ұзақмерзімді демалыс ала алады. Бұған дейін мұндай мүмкіндік негізінен қысқамерзімді оқу кезеңдерімен немесе емтихан тапсыру уақыттарымен шектелетін еді. Ендігі өзгерістің ең басты ерекшелігі – табыс кепілдігінің заң жүзінде бекітілуі. Яғни қызметкер демалыста жүрген кезде оның жұмыс орны ғана емес, лауазымы мен орташа жалақысы да толық сақталады.

Дәл осы тұста негізгі сұрақ туындайды. Мұндай әлеуметтік кепілдіктердің қаржылық жүгін кім көтереді? Мемлекет пе, әлде бизнес пе? Қызметкер үшін бұл – үлкен мүмкіндік. Ол кәсіби деңгейін арттырып, жаңа білім мен дағдыларды меңгеріп, еңбек нарығында бәсекеге қабілетті бола түседі.

## ҚЫЗМЕТКЕРГЕ МҮМКІНДІК, ЖҰМЫС БЕРУШІГЕ САЛМАҚ



**Дәл осы тұста негізгі сұрақ туындайды: мұндай әлеуметтік кепілдіктердің қаржылық жүгін кім көтереді? Мемлекет пе, әлде бизнес пе? Қызметкер үшін бұл – үлкен мүмкіндік.**

Ұзақмерзімді перспективада бұл ел экономикасына оң әсер ететіні сөзсіз. Себебі білікті кадр – кез келген мемлекеттің басты капиталы. Әсіресе цифрландыру, автоматтандыру, жасанды интеллект секілді үрдістер күшейген заманда мамандардың үздіксіз білім алуы қажеттілікке айналды.

Алайда жұмыс беруші үшін жағдай мүлде басқаша. Біріншіден, қызметкердің алты айға дейін жұмыс орнында болмауы өндірістік процестің тұрақтылығына әсер етеді.

Әсіресе тар бағыттағы мамандар жетіспейтін салаларда бұл үлкен проблемаға айналуы мүмкін. Мұндай жағдайда жұмыс беруші уақытша маман жалдауға немесе ішкі ресурстарды қайта бөлуге мәжбүр болады. Бұл қосымша шығын әкеледі, уақытты алады және басқарушылық жүктемені көбейтеді.

Екіншіден, жұмыс істемеген қызметкерге жалақы төлеу – бизнес үшін елеулі қаржылық ауыртпалық. Ірі компаниялар үшін бұл белгілі

бір деңгейде көтеруге болатын жүк болуы мүмкін. Ал шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері үшін бұл норма айтарлықтай қиындық туғызуы ықтимал. Өйткені олардың қаржылық қоры шектеулі, ал кадрлық резерві жеткіліксіз.

Үшіншіден, бұл өзгерістер еңбек қатынастарында белгілі бір теңгерімсіздік туғызуы мүмкін. Қызметкердің құқықтары кеңейгенімен, жұмыс берушінің мүддесі екінші орынға ысырылып қалу қаупі бар. Нәтижесінде, кейбір компаниялар жаңа қызметкерлерді жұмысқа қабылдауда сақтық танытып, әсіресе жас мамандарға немесе оқуға бейім кадрларға қатысты тәуекелдерді есептей бастайды. Бұл өз кезегінде еңбек нарығында жаңа кері әсер беруі мүмкін.

«Мысалы, «Болашақ» бағдарламасын алуға болады. Осы бағдарлама арқылы қаншама жастар кәсіби тұрғыдан шыңдалды, білім алды. Жұмыс істеп жүріп «Болашақ» бағдарламасымен шетелдерден тағылымдамадан өткен, өтіп жүрген мамандардың жалақысы сақталмаса да, жұмыс орны сақталып тұрады. Бір жағынан оларға мемлекет стипендия төлейді. Шетелдерге оқуға түскендер мемлекеттен стипендия алады. Сондай-ақ бізде «Мемлекеттік тапсырыс аясында» деген түсінік бар. Мемлекеттік басқару академиясында бір жылдан екі жылға дейінгі кезеңде білім алатын мамандардың да жұмыс орны, жалақысы сақталады. Ал енді жаңа нормаға келсек, егер ол Сенатта қаралған болса, тиісті деңгейлерден өтті деген сөз. Жаңа норма сұрыпталып, нарыққа негізделіп жасалған бастама деп есептеймін. Мамандар нарық заманында кәсіби дамуы керек. Олар белгілі бір жерлерде оқып, тәжірибеден өтуі үшін әлеуметтік жағдайы да қамтамасыз етілуі керек деп ойлаймын. Мысалы, цифрлық дәуірде ең алдымен квазимемлекеттік ұйымдардың мамандары шетелдерде білім жетілдіруі немесе тәжірибеден өтуі қажет», – дейді ол.

Ал кәсіпкер Ермек Мезібаев бұл мәселені прагматикалық тұрғыдан бағалайды.

Оның пікірінше, жаңа норманы әр маманның және әр компанияның жағдайына қарай жекелей қарастыру қажет. Егер қызметкердің алған білімі компанияның дамуына нақты үлес қосатын болса, онда мұндай инвестиция өзін ақтайды. Ал керісінше жағдайда, бұл тек шығынға айналуы мүмкін.

Осы тұста тағы бір маңызды мәселе – мемлекет тарапынан бизнеске көрсетілетін қолдау. Егер мұндай әлеуметтік нормалар енгізілсе, онда жұмыс берушілерге де белгілі бір жеңілдіктер немесе өтемақы тетіктері қарастырылуға тиіс.

Мысалы, салықтық жеңілдіктер, субсидиялар немесе оқыту шығындарын бірлесіп қаржыландыру механизмдері енгізілуі мүмкін. Бұл – әлеуметтік саясат пен экономикалық мүдделер арасындағы теңгерімді сақтаудың бір жолы.

Қорытындылай келе, ұсынылып отырған түзетулер адами капиталды дамытуға бағытталған маңызды қадам екені сөзсіз. Алайда кез келген жақсы бастама оның іске асу механизмдеріне байланысты. Егер бизнес үшін туындайтын салдарлар ескерілмесе, бұл норма кері эффект беріп, еңбек нарығында жаңа қиындықтар туғызуы мүмкін. Сондықтан бұл өзгерістерді енгізуде мемлекет, жұмыс беруші және қызметкер арасындағы мүдделер теңгерімін сақтайтын кешенді тәсіл қажет.

Сарапшы, заңгер Марғұлан Ермағамбетұлының айтуынша, Қазақстанда мамандардың кәсіби дамуы үшін бірқатар жүйелі мүмкіндіктер қалыптасқан. Оның пікірінше, жаңа норма – нарық талаптарына бейімделген логикалық қадам әрі сол жүйелі мүмкіндіктердің жалғасы.

## СЕРПІН

23 МАМЫР 2026 | СЕНБІ

# ЖАСТАРҒА АРНАЛҒАН ЖАҢА ОРТАЛЫҚ

Қызылордада Президент саябағы аумағында AI-KERIM оқу-сауықтыру орталығы бой көтеріп, ел игілігіне пайдалануға берілді. Бұл Сыр балаларының жан-жақты дамуына бағытталған маңызды әлеуметтік нысан ретінде жоғары маңызға ие.

## А Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ, Қызылорда облысы

Негізінен, заманауи талаптарға сай салынған аталмыш орталық балалардың демалысын тиімді ұйымдастыруға, өрендердің шығармашылық және интеллектуалдық танымын дамытуға арналған бірегей жоба саналады. Жыл он екі ай үздіксіз жұмыс істейтін сауықтыру орнында балғындардың жайлы демалысы мен сауықтырылуына барлық жағдай қарастырылған.

Қазір Қызылорда облысында 180 мыңға жуық мектеп оқушысы бар. Олардың жазғы демалысын мазмұнды әрі қауіпсіз ұйымдастыру бағытында өңірде жүйелі жұмыстар атқарылып келеді.

Облыс әкімінің мәліметіне сәйкес, биыл облыстағы 170 мыңнан астам оқушы түрлі тынығу лагерімен қамтылмақ. Ал 150 мыңға жуық бала мектеп жанындағы лагерлерде демалады деп

жоспарланған. Бұл тұрғыда өңірдегі 7 лагерь жазғы демалысқа шығатын балғындарды қабылдауға сақадай сай. Осы ретте жаңадан ашылған AI-KERIM оқу-сауықтыру орталығының маңызы ерекше.

Жаңа нысан қаладағы Президент саябағының көрікті аумағында орналасқан. Жалпы құны 10 млрд теңгені құрайтын орталықтың материалдық-техникалық базасы халықаралық стандарттарға толық сәйкес келеді. Қазір 300 орындық оқу-сауықтыру кешенінде 5 мың шаршы метрлік әкімшілік ғимарат, кең көлемді мәдени-көпшілік іс-шараларға арналған ивент-аймақ, төрт жатақхана, қонақүй үлгісіндегі арнайы ғимарат пен балалардың бос уақытын тиімді өткізуге арналған демалыс орындары қарастырылған.

Салтанатты рәсімде жиналған көпшілік алдында Қызылорда облысының әкімі Мұрат Ергешбаев жаңа нысанның маңыздылығына кеңінен тоқталды.

«Мемлекет басшысының қолдауымен балаларға арналған жыл бойы үздіксіз қызмет көрсететін оқу-сауықтыру орталығын ашып отырмыз. Бұл — жас ұрпақтың сапалы демалысына, шығармашылық дамуына жасалған үлкен мүмкіндік. Мұнда балалар тек тынығып қоймай, жаңа білім алып, интеллектуалдық әлеуетін арттыратын болады. Алдағы уақытта кешен аумағы толық абаттандырылып, көгалдандырылады, — деді Мұрат Нәлқожаұлы.

Салтанатты-шарада білім беру саласына елеулі үлес қосқан ұстаздар қауымы мен жаңа нысан құрылысын сапалы әрі уақытылы аяқтаған мердігер мекеме қызметкерлері облыс әкімінің алғысхатымен марапатталды.

Қазір AI-KERIM орталығының жанында заманауи ботаникалық бақ орналасқан. Бұл бақ балалардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттырып, экологиялық мәдениетін қалыптастыруға бағытталып отыр.



Мәліметке сәйкес, мұнда Оңтүстік Африка, Қытай, Орталық және Оңтүстік Америка елдерінен әкелінген ерекше өсімдіктер өсіру көзделген. Мамандар мұндай сирек кездесетін өсімдіктер балалардың ғылыми-танымдық қызығушылығын арттырып, ботаника мен экология саласына деген ынтасын күшейтуге сеп болады деп отыр. Яғни, ботаникалық бақ тек демалыс аймағы емес, экологиялық білім беру алаңы ретінде де маңызды рөл атқарады.

Жалпы, Сырдың бас шаһарындағы серпінді жобалар қаланың сәулеттік келбетіне өзгеше өн беріп тұр. Бұл тұрғыда қаз-қатар тізілген жаңа нысандар халыққа қолайлы инфрақұрылым қалыптастырып қана қоймай, өңірдің экономикалық белсенділігін арттыруға негіз қалауда.

Осы орайда айта кеткен абзал, кейінгі жылдары Мемлекет басшысы мен Үкіметтің қолдауымен өңірде 200-ге жуық әлеуметтік нысан салынған. Бұл тұрғыда тек білім беру саласының өзінде 43 жаңа нысан ел игілігіне пайдалануға беріліпті. Атап айтсақ, «Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясындағы 10 мектеп, физика-математика бағытындағы «Білім-инновация» лицей-интернаты, музыкалық колледждің жаңа оқу ғимараты мен жатақханасы, Оқушылар сарайы, «Сыр жұлдыздары» академиясы сұлу Сырдың сәулетін одан әрі арттыра түсті. Сонымен қатар облысқа қарасты Жалағаш, Жаңақорған және Шиелі аудандарында Оқушылар үйі мен өнер мектептері іске қосылып, ауыл балаларының шығармашылық мүмкіндігін кеңейтуге жол ашып отыр.



Оқу жылы аяқталып, мыңдаған оқушы каникулға шыққан сәтте олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету қоғам алдындағы маңызды міндеттердің біріне айналады. Осыған орай Шымкент қаласының Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында «2025-2026 оқу жылының аяқталуы: каникул кезеңінде балалардың қауіпсіз әрі мазмұнды демалысын ұйымдастыру» тақырыбында ауқымды брифинг өтті.

## А Назгүл НАЗАРБЕК, Шымкент қаласы

### 16 МЫҢ БАЛА МЕКТЕП БІТРЕДІ

Шымкентте өткен брифинг барысында жауапты сала өкілдері оқу жылының аяқталуы қарсаңында оқушылардың өмірі мен денсаулығын қорғау, құқықбұзушылықтың алдын алу және қауіпсіз демалысты ұйымдастыру бағытындағы кешенді шараларды таныстырды. Биыл мектеп бітіру іс-шараларына қойылатын талаптар күшейтіліп, бақылау тетіктері қатандатылды. Мамандардың айтуынша, басты мақсат балалардың қауіпсіздігін толық қамтамасыз етіп, жазғы кезеңді алаңсыз әрі тәртіпке сай өткізу.

Брифингке Шымкент қаласы Білім басқармасы басшысының

орынбасары Гүлнәр Дәрібаева мен қалалық Полиция департаменті Қоғамдық қауіпсіздік басқармасы бастығының орынбасары Данабай Әлиев қатысып, оқу жылының қорытындылары мен алдағы жазғы кезеңдегі қауіпсіздік шаралары туралы жан-жақты мәлімет берді. Қазір Шымкент қаласындағы 291 білім беру ұйымында 277 мыңнан астам оқушы білім алады. Биыл 24 174 оқушы 9-сыныпты, ал 16 032 түлек 11-сыныпты тәмамдағалы отыр. Бұл — қаладағы білім беру жүйесінің ауқымын ғана емес, қауіпсіздік мәселесінің де қаншалықты өзекті екенін көрсететін маңызды көрсеткіш. Оқу-ағарту министрлігінің тұжырымдамасына сәйкес, оқу жылы 25 мамырда аяқталады. Осы күні барлық мектепте «Білімім — Отаным!» тақырыбында

# БАЛАЛАР ҚАУІПСІЗДІГІ БАСТЫ НАЗАРДА

бірыңғай сынып сағаттары ұйымдастырылады. Танымдық әрі тәрбиелік мазмұндағы бұл шараларда оқушыларға білімнің қадірі, елге қызмет етудің маңызы, адал азамат болудың құндылықтары кеңінен насихатталмақ.

### ДАҢҒАЗАҒА ЖОЛ БЕРІЛМЕЙДІ

Биыл мектеп бітіру рәсімдерін ұйымдастыру мәселесіне де айрықша назар аударылып отыр. Қалалық Білім басқармасы өкілдерінің айтуынша, аттестат тапсыру салтанаттары тек білім беру ұйымдарының аумағында өткізіледі. Артық даңғаз мен орынсыз сән-салтанатқа жол берілмейді. Әсіресе, мектеп бітіру кештерінде аниматорлар мен мерекелік агенттіктерді тартуға, дастарқан жаюға, автокөлік шерулерін ұйымдастыруға және мұғалімдерге сыйлық алу мақсатында қаражат жинауға қатаң тыйым салынған. Бұл талаптардың барлығы ең алдымен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған. Себебі соңғы жылдары мектеп бітіру кештеріндегі бақылаусыз серуендер, жол қозғалысы ережелерінің бұзылуы, түнгі уақыттағы қауіпсіздік мәселелері қоғамда алаңдаушылық туғызғаны белгілі. Осыған байланысты биыл қала көлемінде қауіпсіздік шаралары бұрынғыдан да күшейтілмек.

Білім беру ұйымдарының басшыларына оқушылардың қауіп-

сіздігін бақылау, ата-аналар жиналыстарын өткізу, мектепшілік кезекшілікті ұйымдастыру және түлектердің кештен кейін үйіне аман-есен жетуін қадағалау міндеттелді. Сонымен қатар полиция қызметкерлерімен бірлесіп, адам көп шоғырланатын орындарда профилактикалық рейдтер жүргізіледі. Мамандардың пікірінше, басты мақсат оқу жылын жоғары деңгейде қорытындылап қана қоймай, балалардың өмірі мен денсаулығына төнетін қауіптің алдын алу, құқықбұзушылықтарға жол бермеу және ата-ана жауапкершілігін арттыру.

### «АЛТЫН БЕЛГІГЕ» ҮМІТКЕРЛЕР САНЫ ЕСЕЛЕП АРТТЫ

Брифинг барысында ұлттық бірыңғай тестілеуге дайындық мәселесі де кеңінен сөз болды. Биыл Шымкент қаласы бойынша 11-сыныпты тәмамдайтын 16 032 түлектің 10 287-сі, яғни 64,1 пайызы ҰБТ-ға қатысуға ниет білдірген. Бұл жастардың жоғары білім алуға деген ынталылығының жоғары екенін аңғартады. Тестілеу 12 маусым мен 10 шілде аралығында өтеді. Қалада талапкерлерге қолайлы жағдай жасау мақсатында төрт аймақтық тестілеу орталығы дайындалған. Олар жоғары оқу орындары мен колледждердің ғимараттарында орналасады. Жауапты мамандар тестілеу кезінде академиялық адалдық

талаптары қатаң сақталатынын, қауіпсіздік шаралары толық қамтамасыз етілетінін атап өтті.

Биылғы оқу жылында үздік көрсеткішке үміткер оқушылар санының артуы да білім сапасының жақсарғанының айқын көрінісі. Ресми деректерге сәйкес, «Алтын белгіге» 786 оқушы үміткер. Сонымен бірге 11-сынып бойынша 1 123 түлек, 9-сынып бойынша 1 580 оқушы «Үздік» аттестаттан үмітті. Былтырғы жылмен салыстырғанда «Алтын белгіге» үміткерлер санының 136-ға артуы білімге деген ынта мен жауапкершіліктің күшейгенін көрсетеді. Алдағы күндері 9-сынып оқушылары төрт пәннен, 11-сынып түлектері бес пәннен қорытынды емтихан тапсырады. Білім саласының мамандары емтихандарды ұйымдастыру жұмыстары толық бақылауда екенін жеткізді.

Шындығында, бала қауіпсіздігі мектептің немесе құқық қорғау органдарының ғана емес, тұтас қоғамның ортақ жауапкершілігі. Жазғы демалыс кезінде балалардың уақытын тиімді ұйымдастыру, олардың бос уақытын мазмұнды өткізуіне жағдай жасау, жолдағы, судағы және қоғамдық орындардағы қауіпсіздігін қамтамасыз ету әрбір ата-ананың, ұстаздың және қоғам мүшесінің азаматтық парызы. Өйткені қауіпсіз ұрпақ елдің ертеңі. Ал саналы, білімді әрі аман ұрпақ тәрбиелеу мемлекет болашағына салынған ең берік инвестиция.

## МЕРЕЙ

23 МАМЫР 2026 | СЕНБІ

■ Тәуелсіз Қазақстан тарихында білім мен ғылым ел дамуының басты тіректерінің біріне айналды. Осы бағытта ұлттық интеллектуалдық әлеуетті қалыптастыруға зор үлес қосқан іргелі оқу орындарының бірі – Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті. Биыл білім ордасы өзінің 30 жылдық мерейтойын атап өтуде. Бұл – тек университеттің емес, тәуелсіз Қазақстанның білім мен ғылым саласындағы үлкен жетістігінің айқын көрінісі.



Еуразия ұлттық университеті 1996 жылы ел тәуелсіздігінің алғашқы жылдарындағы тарихи өзгерістер кезеңінде құрылды. Бұл уақытта жана астана бой көтеріп, жас мемлекет жаңа даму жолына қадам басып жатқан еді. Осындай жауапты кезеңде халықаралық талаптарға сай, ұлттық құндылық пен заманауи ғылымды ұштастыратын жаңа буын университет қажет болды. ЕҰУ дәл осы тарихи сұраныстың нәтижесінде дүниеге келді.

Университет алғашқы күннен бастап елдің ғылыми-интеллектуалдық ортасына айналу мақсат етті. Мұнда Қазақстанның және шетелдің жетекші ғалымдары шақырылып, қуатты академиялық орта қалыптасты. Жаңа мамандықтар ашылып, білім беру жүйесіне заманауи технологиялар енгізілді. Қысқа уақыт ішінде оқу орны елордадағы ғана емес, республикадағы жетекші ғылыми-білім беру орталықтарының біріне айналды.

ЕҰУ-дың дамуы Астана қаласының өркендеуімен қатар жүрді. Жаңа оқу корпусы бой көтеріп, ғылыми зертханалар, инновациялық орталықтар, электронды кітапханалар мен заманауи студенттік кампус ашылды. Бүгінде университет тек білім беретін мекеме емес, ғылым, технология және жастар бастамалары тоғысқан үлкен академиялық кеңістікке айналды.

Университеттің басты ерекшелігінің бірі – еуразиялық идеяны дамытудағы рөлі. ЕҰУ Шығыс пен Батыстың ғылыми-мәдени дәстүрлерін ұштастырып, халықаралық академиялық орта қалыптастырды. Мұнда әлемнің түрлі елінен келген студенттер мен ғалымдар білім алып, тәжірибе алмасуда. Бұл өз кезегінде университеттің халықаралық беделін арттырып, шетелдік серіктестікті нығайтуға жол ашты. Қазір ЕҰУ әлемнің жетекші жоғары оқу орындарымен тығыз байланыс орнатқан. Университетте қос дипломды білім беру бағдарламалары мен академиялық ұтқырлық жүйесі табысты жүзеге асырылып келеді. Студенттер мен оқытушылар шетелдік университеттерде білім алып, ғылыми тәжірибе жинақтауда. Бұл – қазақстандық жоғары білімнің халықаралық деңгейге көтерілуінің нақты көрінісі.

Бүгінде Еуразия ұлттық университеті мындаған жасқа сапалы білім мен кәсіби бағыт-бағдар беріп отырған іргелі оқу орнына айналды. Уни-

верситет қабырғасында тәрбиеленген түлектер мемлекеттік қызметте, ғылымда, білім саласында, халықаралық ұйымдар мен ірі компанияларда еңбек етіп жүр. Олар елдің дамуына үлес қосып, тәуелсіз Қазақстанның интеллектуалдық әлеуетін нығайтуға қызмет етуде.

## ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ ҚАЛЫПТАСТЫРҒАН

30 жыл ішінде ЕҰУ оқу орны ретінде ғана емес, елдің ғылыми, мәдени және рухани өмірінің маңызды бөлігіне айналды. Бұл мерейтой – университеттің өткен жолын саралап қана қоймай, болашаққа жаңа мақсаттармен қадам басуының белгісі.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев білім мен ғылымды ел дамуының негізгі қозғаушы күші ретінде үнемі атап келеді. Бұл ұстаным Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті қызметімен толық үндеседі. Бүгінде университет заман талабына сай мамандар даярлап, ғылым мен инновацияны ұштастырған заманауи білім ордасына айналып отыр.

Қазір ЕҰУ-де жасанды интеллект, киберқауіпсіздік, цифрлық технологиялар, энергетика инженериясы, биотехнология және халықаралық журналистика бағыттары бойынша жаңа буын мамандары даярлануда. Университет еңбек нарығындағы өзгерістерге бейімделіп, сұранысқа ие жаңа білім беру бағдарламаларын енгізді. Атап айтқанда, «Жасанды интеллект», «Криптология», «Бизнес IT», «Цифрлық медиа менеджменті», «Аэроғарыштық инженерия», «Биотехнология және биомедицина» секілді мамандықтардың ашылуы – уақыт талабынан туған маңызды шешімдердің бірі.

Сонымен қатар университетте кәсіпкерлік пен басқару саласына да ерекше көңіл бөлінуде. «Кәсіпкерлік және бизнес экономикасы» бағдарламасы жастардың заманауи экономикалық ойлауын қалыптастырып, инновациялық бастамаларды қолдауға бағытталған. Ал «Сот-прокурорлық және тергеу-криминалистикалық қызмет» бағдарламасы құқық саласындағы кәсіби кадрлардың әлеуетін

арттыруға мүмкіндік береді. Бұл бастамалардың барлығы ЕҰУ-дың халықаралық стандарттарға сай, бәсекеге қабілетті әрі болашаққа бағытталған жоғары оқу орны ретіндегі беделін айқындай түседі.

Бүгінде университетте бакалавриат, магистратура, докторантура, сондай-ақ MBA, EMBA және DBA бағдарламалары қарқынды дамып келеді. Білім беру жүйесінде теория мен тәжірибенің сабақтастығына айрықша мән берілген. Студенттер жобалық оқыту, зертханалық жұмыстар, кейс-талдау әдістері мен цифрлық платформалар арқылы

оқу орындарында тегін орта білім алуына кепілдік берілген. Сонымен қатар мемлекет адамның зияткерлік әлеуетін дамытуға жағдай жасауға міндетті. Осы өзгерістерден кейін адам капиталы, сапалы білім мен ғылым мемлекеттік саясаттың стратегиялық бағыты ретінде айқындала түсті.

Бұл бағыт университет қызметінен де анық байқалады. ЕҰУ білім сапасын арттырумен қатар, ұлттық құндылықтарды дәріптеуге де ерекше назар аударып келеді. Университет қабырғасында жастардың азаматтық ұстаны-

**Қазіргі ЕҰУ дәстүрлі мамандықтармен ғана шектелмейді. Университет ғылым, технология, цифрландыру және басқару салаларын қамтитын көпсалалы білім беру экожүйесін қалыптастырып келеді.**

кәсіби тәжірибе жинақтайды. Бұл тәсіл білім сапасын халықаралық талаптарға сай жетілдіріп, студенттердің еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін арттыруға жол ашуда.

Қазіргі ЕҰУ дәстүрлі мамандықтармен ғана шектелмейді. Университет ғылым, технология, цифрландыру және басқару салаларын қамтитын көпсалалы білім беру экожүйесін қалыптастырып келеді. Бұл оқу орнының жаңа дәуірдегі интеллектуалдық орталық ретіндегі рөлін күшейте түсуде.

Елімізде жүзеге асқан конституциялық реформалар да білім мен ғылым саласының маңызын арттырды. Қазақстан Республикасының Конституциясында әр азаматтың мемлекеттік

мын қалыптастыруға арналған мәдени, қоғамдық және рухани жобалар тұрақты түрде ұйымдастырылады. Мұнда студенттердің тек кәсіби емес, тұлғалық дамуына да басымдық беріледі.

ЕҰУ студенттік өмірімен де ерекшеленеді. Университетте жастардың шығармашылық, ғылыми, спорттық және қоғамдық бастамаларын жүзеге асыруына кең мүмкіндік жасалған. Дебат клубтары, жастар ұйымдары, еріктілер қозғалысы мен ғылыми қауымдастықтар студенттердің жан-жақты дамуына ықпал етуде. Университет жастары халықаралық олимпиадаларда, ғылыми байқауларда және стартап жобаларында жоғары нәтижелер көрсетіп келеді.

## МЕРЕЙ

23 МАМЫР 2026 | СЕНБІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Білім — бәсекеге қабілетті және табысты ұлт болудың басты кепілі» деген сөзі бүгінгі ЕҰУ миссиясының мазмұнын терең аша түседі. Өйткені университеттің негізгі мақсаты — тек кәсіби маман даярлау емес, ел болашағына жауапкершілікпен қарайтын, рухани бай, білімді әрі отаншыл азамат тәрбиелеу.

Еуразия ұлттық университетінің басты артықшылықтарының бірі — оның қуатты ғылыми мектебі мен білікті профессорлық-оқытушылық құрамы. Бүгінде университетте академиктер, ғылым докторлары, профессорлар мен жас зерттеушілерден құралған үлкен ғылыми орта қалыптасқан. Олар отандық ғылымның дамуына елеулі үлес қосып қана қоймай, халық-

де танылып отыр. Университет ғылымдары гуманитарлық ғылымдардан бастап инженерия, ақпараттық технологиялар, энергетика, экология және биотехнология салаларына дейінгі кең ауқымда іргелі зерттеулер жүргізуде. Әсіресе, соңғы жылдары жасанды интеллект, цифрлық жүйелер, робототехника, ядролық физика және ғарыштық зерттеулер бағытындағы жобалар университет ғылымының жаңа деңгейге көтерілгенін көрсетеді.

Сонымен бірге ЕҰУ ғалымдарының ғылыми еңбектері халықаралық рейтингтік журналдарда жарияланып, әлемдік ғылыми қауымдастық тарапынан жоғары бағалануда. Бұл университеттің ғылыми әлеуетінің артып, халықаралық академиялық кеңістіктегі беделінің нығая түскенін аңғартады.

дағы байланысты күшейтіп, зерттеу нәтижелерін тәжірибеге енгізуге жол ашуда.

Университетте студенттердің ғылымға ерте араласуына ерекше мән беріледі. Жастар ғылыми жобаларға қатысып, инновациялық стартаптар әзірлеп, халықаралық олимпиадалар мен ғылыми байқауларда жоғары нәтижелер көрсетіп келеді. Бұл — ЕҰУ-дың тек теориялық білім берумен шектелмей, зерттеуші әрі креативті мамандар даярлауға басымдық беретінінің айқын дәлелі.

Білім беру бағдарламаларының тағы бір маңызды ерекшелігі — теория мен тәжірибенің өзара сабақтастығы. Университетте дәстүрлі дәріс беру жүйесі заманауи тәсілдермен ұштасқан. Жобалық оқыту, практикалық зертха-

олардың еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін арттыруға мүмкіндік береді.

Бұдан бөлек, ЕҰУ әлемнің 56 жетекші жоғары оқу орнымен бірлескен қос дипломды білім беру бағдарламаларын жүзеге асырып келеді. Бұл студенттерге халықаралық деңгейдегі білім алып, шетелдік тәжірибе жинақтауға жол ашады. Академиялық ұтқырлық бағдарламалары арқылы көптеген студент пен оқытушы шетелдік университеттерде білімін жетілдіріп, ғылыми тәжірибе алмасуда. Мұндай байланыстар университеттің халықаралық ықпалдастығын күшейтіп, әлемдік білім кеңістігімен интеграциясын тереңдете түсуде.

Университеттің тағы бір ерекшелігі — көптілді білім беру саясаты. Мұнда қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде білім беру жүйесі қатар дамыған. Бұл студенттердің халықаралық ортада еркін бәсекеге түсіп, әлемдік ғылыми ақпаратқа қол жеткізуіне мүмкіндік береді. Сонымен бірге көптілді орта жастардың кәсіби көкжиегін кеңейтіп, жаһандық еңбек нарығына бейімделуіне ықпал етеді.

Бүгінде Еуразия ұлттық университеті жаңа идеялар мен инновациялардың орталығына айналды. Мұнда білім мен ғылым қатар дамып, жастардың интеллектуалдық әлеуетін арттыруға барлық жағдай жасалған. Сондықтан университеттің ғылыми жетістіктері мен заманауи білім беру бағдарламалары оның халықаралық беделін арттырып қана қоймай, еліміздің болашақ дамуына да қызмет етіп келеді.

Университеттің ең үлкен мақтанышы — оның түлектері. 30 жыл ішінде ЕҰУ мыңдаған жас маманға жолдама берді. Бүгінде түлектер мемлекеттік қызметте, ғылым мен білім саласында, халықаралық ұйымдарда, дипломатияда, журналистикада және ірі компанияларда табысты еңбек етіп жүр. Олар елдің дамуына өз үлесін қосып, Қазақстанның интеллектуалдық әлеуетін нығайтуға қызмет етуде.

Қазіргі Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті — өткенін құрметтеп, болашаққа сенімді қадам басқан заманауи білім ордасы. Оның 30 жылдық тарихы — үздіксіз ізденістің, ғылыми дамудың және ұлттық білімге адал қызмет етудің жарқын көрінісі.

Алдағы кезеңде университет алдында жаңа міндеттер тұр. Жасанды интеллект, цифрлық экономика, экология және халықаралық қатынастар салалары бойынша бәсекеге қабілетті кадр даярлау — уақыт талабы. Заманауи инфрақұрылым, халықаралық серіктестік пен инновациялық бағдарламаларды ұштастырған ЕҰУ алдағы уақытта да Қазақстанның ғылыми-академиялық әлеуетін нығайтып, елдің интеллектуалдық дамуына қызмет ете бермек.

**Ардақ БЕЙСЕНБАЙ,**  
ЕҰУ академиялық мәселелер  
жөніндегі проректоры

# ӘЛЕУЕТТІ УНИВЕРСИТЕТ



аралық ғылыми кеңістікте Қазақстанның беделін арттыруға да қызмет етіп келеді.

30 жыл ішінде ЕҰУ тәуелсіз Қазақстанның білім мен ғылым саласындағы маңызды жетістіктерінің біріне айналды. Университет бүгінде тек жоғары оқу орны ғана емес, жаңа идеялар мен инновациялар тоғысқан, елдің интеллектуалдық болашағын қалыптастыратын ірі академиялық орталық ретінде танылып отыр.

Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті бүгінде тек білім беру мекемесі емес, ірі ғылыми-зерттеу және инновациялық орталық ретінде


**Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті – өткенін құрметтеп, болашаққа сенімді қадам басқан заманауи білім ордасы. Оның 30 жылдық тарихы – үздіксіз ізденістің, ғылыми дамудың және ұлттық білімге адал қызмет етудің жарқын көрінісі.**

Университет базасында жұмыс істейтін ғылыми-зерттеу институттары мен арнайы орталықтар жас ғалымдардың идеяларын жүзеге асыруға мүмкіндік беріп отыр. Сонымен қатар бұл орталықтар ғылым мен өндіріс арасын-

налар, кейс-талдау әдістері және цифрлық платформалар оқу үдерісіне кеңінен енгізілген. Студенттер оқу барысында нақты ғылыми жобаларға қатысып, өндірістік тәжірибе арқылы кәсіби дағдыларын жетілдіреді. Бұл

## ЖАҚСЫНЫҢ ЖАРЫ

23 МАМЫР 2026 | СЕНБІ



Ақынның шынайы болмысын танытатын – оның өлеңдері. Өлеңде заманның үні, қоғамның тынысы, адам тағдырының иірімдері көрініс тапқанда ғана жыр оқырман жүрегіне жол табады. Осы тұрғыдан алғанда, қазақ поэзиясында өзіне ғана тән үні мен өрнегі бар дарынды қаламгерлердің бірі – Сағи Жиенбаев. Ол ешкімге ұқсамайтын дара стилімен, табиғи тазалығымен ерекшеленген ақын.

## Сағидың

## СӨЗ СИҚЫРЫ

Гүлзина БЕКТАС

Ақын жырларының өміршен болуының сыры – оның шынайылығында. Ақын өлеңдерінен өмірдің ыстығы мен суығы, қуанышы мен мұны, ашысы мен тәттісі қатар сезіледі. Ол адам жанының терең иірімдерін, тіршіліктің сан қырлы шындығын боямасыз, табиғи калпында шебер суреттей білді. Сондықтан да оның өлеңдері оқырман көңілінен шығып, талай жүректен мәңгілік орын алды.

Уәзипа Жиенбаева – ақынның өмір жолындағы сенімді серігі, тағдырлас жары. Бүгінде тоқсанның төрінен асқан кейуана ғұмырын қазақ поэзиясының көрнекті өкілі Сағи Жиенбаевпен бірге өріп, ақынның қуанышы мен қиындығына ортақ бола білді. Ол – бір әулеттің ғана емес, ақын мұрасын қадірлейтін оқырман қауымның да құрметіне ие болған жан. Алматыға барған сапарымызда Сағи ақынның шаңырағында болып, Уәзипа апаймен сыр шерттік. Ақынның жарының өнегелі өмірі – адалдық пен сабырдың, сүйіспеншілік пен рухани беріктіктің көрінісіндей. Жады да орнында, әңгімесін де әсерлі айтатын апамен өткен ғасырдың 60-жылдарына бірге сапар шектік.

ОЙМАУЫТТА  
ТУҒАН ӨРЕН

– Біздің қатарымыздың көбі кетіп қалды ғой, – деп бастады әңгімесін Уәзипа апа. – Тіпті, кемпір-сампырлар да азайды. Қатарластар дегенде, Тұманбай мен Қадыр ағаларының үйіндегі апаларың бар. Салтанат, Күлтай бар. Қалижан ағаларының жары Заида апаймен жақсы дос едік. Ол кісі де кетіп қалды. Қадыр, Тұманбай, Шәміл Мұхамеджанов – барлығы қатар жүрді. Шәміл де ерте кетті.

Сағи 1934 жылы 15 мамырда Ақтөбе облысы Байғанин ауданындағы Оймауыт деген ауылда дүниеге келген. Балалық шағы екінші дүниежүзілік соғысқа тап келіп, көп қиындық көрсе де, тіршіліктен үміт үзбей, әдебиетті жақсы көріп өсті. Кітапқұмар балалардың біріне айналды. Әкесі үш жасында халық жауы болып ұсталып кеткен баланың тағдыры қандай болатынын өздерің де аңғарып тұрған шығарсындар. Әке

ыстық ұясына оралған жоқ. Дертін бәрін ішке жиып, үнсіз көтерді. Бұл дерт кейін өлең болып оралып, ақ қағазға төгілді.

Сағидың:  
– *Ерте көрдім, ерте көрдім барлығын,  
«Ерте көр» деп ерте берді тағдырым.  
Жия бердім, сый берді ішіме,  
Сездірмедім көкіректің тарлығын  
Ерте көрдім мен әкемнің жоқтығын,  
Ес білгелі соны іздеумен өтті күн.  
Тағдыр мені тұрғызды да,  
«бас» деді  
Табаным төсеп қойып отты құм,* – дейтіні де сондықтан.



Сағимен 1955 жылы Гоголь атындағы Қызылорда педагогикалық институтында білім алып жүргенінде жолықтық. Бір жылдай Жезқазғанда жұмыс істедік. Ол жылдары институт бітірген түлектерді осылай өңірлерге жіберетін еді. Сол бойынша біз де қол ұстасып, Жезқазғанның төрінен бір-ақ шықтық.

Біз алғаш танысқанда ол педагогикалық институтта, мен колледжде оқитын едім. Менің де мамандығым – қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі. Мәншүк Мәметова атындағы педа-

гогикалық колледждің негізгі оқу орны Алматыда болатын. Біз 2-курста оқып жүргенде оқу орнын Қызылордаға көшірді. Қыздар көп оқуға түсе бермейді, қыздарды жоғары оқу орнына көптеп тарту керек деген талап болып, сол үшін колледжді сонда көшіреміз деп шешкен екен.

Жезқазғанда барғанда мұғалімдер аз деп, мені математика пәнінің мұғалімі етіп жұмысқа алды. Сағи қазақ тілі мен әдебиетінен сабақ береді. Ізтай Мәмбетов дейтін мықты ақын болды. Ерте

кезінен өлең жазып жүрген жас ақынға қолдау білдірген – Сырбай Мәуленов, Хамит Ерғалиев, Ғафу Қайырбеков сияқты үлкен ағалары. Оның поэзиясына баға берген де осы ағалары болатын. Қазақтың ұлы жазушысы Мұхтар Әуезовтің өзі ақынға ризашылығын білдіргені бар. Жазушының: «Сағи Жиенбаевтың бірқатар өлеңін оқыдым. Оларда толып жатқан образ, көп шындық, көпшілікке ортақ шындық бар. Біртүрлі еліктіретін, сүйсіндіретін, оқушыға бас игізетін соншалық шындық пен бетке ыстық демі сезіліп кеткендей көрінетін шыншылдық бар. Поэзияға да керекі – осы шыншылдық» дегені бар.

Сағи Алматыға келген тұстан бастап, «Қазақстан пионері» журналында, «Қазақ әдебиеті» газетінде жұмыс істеді. Кейін

тылары қоныс тепті. Кәукен Кенжетәев, Шабал Бейсекова, Жамал Омаровалармен 26 жыл көрші болдық. Бізден жоғары қабатта Қанабек Байсейітов тұрды. Шара Жиенқұлова, Әлкей Марғұлан ағай да бізбен көрші еді. Жамал апай үйге жиі келетін. Кейде «жалғызсырап кеттім, сендердің үйлерінен телевизор көрейінші» дейтін еді. Шабал апай мінезі биязы, парасатты кісі болатын. Көршілермен жақын қарым-қатынаста болдық. Кейін балалар өскен соң пәтерімізді кеңейтіп, басқа үйге көштік.

## САҒИ ЖЫРЫ СӨНБЕЙДІ

«Қарлығаштан» кейін де бірнеше жинағы шықты. Марапат алуға көп ұмтылмады. Мемлекеттік сыйлыққа тапсырғанымен, алған жоқ. Оның мінезін дәлі суреттейтін өзінің өлеңі бар ғой: «қара бір жердің өзін де қаттырақ басқым келмейді». Ешкімге қарсы шығып, біреуге кеудемсоқтық көрсеткен емес. Ақынның бәрі мінезді бола бермейді ғой. Оның өзіне тән қоныр үні, лирикалық жыры болды.

*Тимеші, көкем,  
Балапаныма тимеші,  
Қамығың қалар,  
Қабағыңды да түймеші.  
Қақпашы қолын,  
Не аламын десе, ал деші,  
Тартпашы қолын,  
Не киемін десе, ки деші...*

Сағидың жомарт көңіл, жұмақ пейіл жырлары осындай еді ғой... Оның жырлары жанымызға тыныштық күйін сыйлайды.

Сағидың шығармашылық әлемінде ән мәтіндерінің де орны ерекше. Оның сөзіне жазылған көптеген ән халық арасына кең тарап, жүрекке жылы тиетін туындыларға айналды. Оның поэзиясының әуезділігі мен ішкі музыкалығы композиторларды да бейжай қалдырмаған.

Сонымен бірге ол көркем аударма саласында да өнімді еңбек етті. Әлем және орыс әдебиетінің көрнекті өкілдері – Александр Пушкин, Михаил Лермонтов, Ованес Туманян, Валерий Брюсов, Ярослав Смеляков, Расул Ғамзатовтың өлеңдерін қазақ тіліне тәржімалап, жеке кітап етіп шығарды. Аударма арқылы ол қазақ оқырманын әлем әдебиетінің үздік үлгілерімен таныстырып қана қоймай, ұлттық поэзияның тілдік өрісін де кеңейтті.

Сағи алпысқа толған жылы, тура туған күнінде өмірден өтті. Өзі өлгенмен, жыры өлген жоқ. Оның лирикалық өлеңдерін оқытын жас ұрпақ бар. Соны жаныма медет тұтамын.



**Сағи 1934 жылы 15 мамырда Ақтөбе облысы Байғанин ауданындағы Оймауыт деген ауылда дүниеге келген. Балалық шағы екінші дүниежүзілік соғысқа тап келіп, көп қиындық көрсе де, тіршіліктен үміт үзбей, әдебиетті жақсы көріп өсті.**

ұзақ жылдар бойы «Жазушы» баспасында қызмет атқарды. «Қазақ әдебиеті» газетінде Сырбай ағалармен қатар еңбек етті.

Біреулер «ақынның жары болу қиын» деп жатады. Сағи өте жайлы, мінезі жұмсақ адам еді. Артық сөз айтпайтын, ақырын кабинетіне кіріп алып, тыныш жұмыс істегенді ұнататын. Маған кейде ренжісе де, кабинетіне кетіп қалатын. Сағи адамға қамқор, қайырымды болатын. Ол жылап отырған баланы көрсе де, қалтасындағы бар ақшасын беріп кететін өте балажан еді.

Қаламгер достарының бәрі Сағиды құрмет тұтты. Сағи да жолдастарын ерекше сыйлайтын. Алғаш Калинин (қазіргі Қабанбай) көшесінің бойынан пәтер алды. Ол үйде қазақтың кіл мық-

## P.S.

Уәзипа апа жанарын жасқа бір шылап алды. Сағи ақынмен бірге өткізген сонау бір күндерге қайта оралғандай. Жанына жұбаныш – Сағи жырлары. Көңіліне медеу – немере-шөберелері. Сағи ақын қырымен алты Алашқа шуағын шашса, Уәзипа апа сол жырлардың тірі куәсіндей болып, қара шаңырақтың төрінде отыр. Сағи поэзиясы әдеби қауымға жыр боп ағытылғалы бері талай ұрпақ ауысты. Оның жырында сұлулық бар. Сұлулық дегеніміз де мейірім мен махаббат қой. Ал ол мөлдірлікті Сағи жырынан табарымыз ақиқат! Өлең өлмейді, Сағи жырының да сөнбейтіні анық.

«ҚАРЛЫҒАШТАН»  
КАНАТ ҚАҚТЫ

Ең алғашқы жинағы – «Қарлығаш». Одан кейін кітаптары жиі шығатын болды. Жыл сайын болмаса да, жыл аралатып, жинақтары баспадан шығып жататын. Студент

## ПАРАСАТ

23 МАМЫР 2026 | СЕНБІ

Әр елдің, әр халықтың әлеуметтік қоғам саласында еңбегімен еленген, тұлғасымен ерекшеленген, есімі тарих парақшасында ұзақ жылдар бойы алтын әріппен жазылған, артына өшпестей мұра қалдырған азаматтары болады. Сондай асыл жандардың бірі де бірегейі – қазақ елінің мал шаруашылығын дамытуға әлшеусіз еңбек сіңірген, даңқты шопан, екі мәрте Социалистік Еңбек Ері Жазылбек Қуанышбаевтың 130 жылдығы бүкіл Республика бойынша аталып өтуде.

# Жасампаз

# ЕҢБЕК

# МАЙТАЛМАНЫ

Жазылбек ақсақалды халық ерекше еркелетіп, «Шопандардың атасы», «Дала академигі», «Малшылардың маршалы» деп атап кеткен. Ол орынды да. Бүкіл ғұмырын қой өсіруге, оның ішінде шөлді-шөлейтті аймаққа бейімделген әрі жерсінген қаракөл қой шаруашылығымен айналысқан ақсақал 1930-1980 жылдары шалғайдағы Мойынқұм ауданының ғана емес, бүкіл Қазақстанның мерейін тасытты, оның даңқы тек Кеңестер одағына ғана емес, шетелдерге дейін жетіп жатты.

Жазылбек Қуанышбаев – 1896 жылы 29 наурызда Жамбыл облысының Көктерек ауылында туған. 1930 жылы облыста «Кенес» мал серіктігі құрылғанда алғашқылардың бірі болып оның құрамына кіріп, қой бағады.

1936-1957 жылдары Көктерек, Айдарлы кеңшарларында аға шопан болып, қажырлы еңбек көрсетеді.

1936 жылы таңдаулы малшылар қатарында Алматыда ашылған Қазақстан ауыл шаруашылығы көрмесіне қатысады. Осы сапардан оралысымен, ол мал тұқымын асылдандыру жұмысына аса мән береді. Сол жылдары Қазақстанда қаракөл қой шаруашылығын дамыту жөнінде Үкіметтің арнайы қаулысы қабылданып, жергілікті қылшық жүнді қойды қаракөл қойымен бұдандастыру іс-шарасы жүргізіліп, оған алғашқылардың бірі болып, Жазекен өз үлесін қосады. Ұлы Отан соғысынан кейін тоқтап қалған бұл селекциялық асылдандыру жұмысын қайтадан жалғастырып, жана қой тобы – күнды елтірі беретін қаракөл қойын өсірумен айналысып, оған төл алу және оның елтірісінің сапасын жақсарту көрсеткіші бойынша жылдан-жылға жоғарғы нәтижелерге жетеді.

Нәтижесінде, ол 1947 жылы әр 100 саулықтан 130 қозы алып, осы еселі еңбектері үшін 1948 жылы Социалистік Еңбек Ері атағына ие болады. Оның отарында өндірілген қаракөл елтірілері халықаралық жәрмеңкелерде, аукциондарда, атап айтқанда, Дели, Бухарест, Познань, Нью-Йорк калаларында өте жоғары бағаланады.

1957 жылы оның бағымындағы әр 100 қойдан 145 қозы алынып, республикадағы ең жоғары, рекордтық көрсеткішке ие болып, әр қойдан 3,3 килограмм жүн қырқылады. Осы үздік табысы үшін оған 1958 жылы екінші рет Социалистік Еңбек Ері атағы беріледі.

1957-1965 жылдары қаракөл қой шаруашылығын дамыту жолында еткен еңбегі республика және одақ көлеміндегі тәжірибе алаңына айналды.

1962 жылы заңды еңбек демалысына шыкса да, 1965 жылы жана отар қабылдап алып, әр 100 саулықтан 152-ге дейін қозы өсіріп, өзінің осы саладағы көрсеткішін жанартты.

1990 жылы қаракөл қойын өсіруге арналған шаруашылықтар саны 150-ден асып, жылына 2 млн дана қаракөл елтірісі дайындалып, қаракөл қойының басы 6 млн 200 мыңға жетті. Жазылбек Қуанышбаев Қазақстанда алғашқы мамандандырылған арнайы қаракөл шаруашылығын құрушылардың бірі әрі бірегейі болды.

Қаракөл қой шаруашылығында қалыптасқан сол кездегі жүйе бойынша мал басы негізінен мемлекет қарамағында болғанымен, оның сақталуына, өндірілген өнім көлеміне жауапты шопан мен оның отбасы болатын. Осы саладағы малшылар жылдың төрт мезгілінде көшіп-қонып, күндіз-түні мал басында демалысыз еңбек етті. Атадан балаға кәсіп болған мал бағу тәсіліне жаз жайлауы мен қыс қыстауы төңірегінде күндіз-түні мал бағумен айналысуға бағытталған атакәсіп болатын. Әрине бұл кәсіпті жетік игерген Жазылбек Қуанышбаев ақсақал жас кезінен-ақ сонау өткен ғасырдың 30-жылдарының басынан бастап, өзінің жеке биік ой-өрісінің, мәдениетінің арқасында биікке өрлей білді, үнемі ізденіп, қаракөл шаруашылығының жаңалықтары мен ғылыми жетістіктерге бар күш-жігерін, ынта-ықыласын арнай отырып, осы салада 1937-1957 жылдары ең жоғары көрсеткіштерге жетті.

1936 жылы Мойынқұмда аса құрғақшылық болып, соны жұтқа айналыпты. Қолдағы қыруар малды қалай сақтап қалу керек? Ол кезде қазіргідей мал азығын дайындамайды. Ашаршылықтан есін әрең жиған үкіметтен де, халықтан да қайран жоқ. Тірнектеп жиған бес-алты қапшық ұнын Құдай қосқан қосағы Жайшабала екеуі быламық етіп, әрбір қойды емізікпен азықтандырып, бүкіл

отарды аман алып қалыпты. Мұндай жағдай қой шаруашылығы тарихында бірінші және соңғы рет болуы мүмкін. Бұл – жанкештілік еңбектің, атакәсіпке деген адалдықтың нағыз үлгісі емес пе?

Өмірдің ащы-тұщысын татып, шөлді-шөлейтті аймаққа еңбекпен еленген Жазылбек ақсақалдың, одан үлгі алған қаншама ізбасарлары қаракөл қой шаруашылығын өркендетуге өз үлесін қосты. Әрине әйгілі майталман шопанның қойларды жыл мезгілдеріне қарай күтіп-бағу, жайылымдарды тиімді пайдалану, малдәрігерлік алғашқы емдік шараларын қолдану жөніндегі тәжірибесі, ақыл-көнісі еліміздің әр өңірінде қаншама жас шопандарға үлгі болды.

Осылайша, тек қаракөл шаруашылығында еліміздің әр өңірінен еңбек ардагерлері, Социалистік Еңбек Ерлері шықты. Жазекен екі мәрте осы атакәсіпке ие болса, оның жоралғы жолына түсіп, қатарласа жүре игі істі жарқырата жалғастырған Ділдаш Итбасова, Шолан Шәріпбаев, Құдайберген Біртаев Еңбек Ері атанып, алтын медаль тақты.

1962 жылы Қазақстанда қаракөл шаруашылығын ғылыми тұрғыда қамтамасыз ету мақсатында Үкіметтің арнайы қаулысы қабылданып, Шымкент қаласында Қазақ қаракөл шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты ұйымдастырылып, еліміздің белгілі ғалымдары Хафиз Хайруллаұлы Маматқазин мен Мирғаяс Әлімұлы Ширинский Жазылбек ақсақалмен ақылдасып, ой-пікір бөлісіп, оны шопан-селекционер атады. Осылайша, қазақтың қарапайым ақсақалы ғылым мен өндірісті алғашқы үйлестірушілердің бірі де болды. Міне, осылайша, сонау 1930 жылы шалғай қазақ жерінде еңбек жолын бастаған даңқты шопан Жазылбек Қуанышбаев ақсақалдың игі істері тек өндірісте ғана емес, ғылымда да өз жалғасын тапты.

Мойынқұм ауданында екі мәрте Социалистік Еңбек Ері Жазылбек Қуанышбаев атындағы шопандар мектебі ашылып, атакты майталман шопанның ұзақ жылдар бойы жинақтаған озат

тәжірибесі жүзеге асырылды. Аудан көлемінде көптеген комсомол-жастар бригадасы құрылып, қой шаруашылығы, оның ішінде қаракөл елтірісін өркендету қанатын жайды. Жастардың алаңсыз жемісті еңбек етуіне, тұрмыстық және мәдени жағдайларының заман талабына сай болуына Жазекен бас-көз болып, үлкен жанашырлық көрсетті. Аталған ізгілікті игі іске сол жылдардағы Мойынқұм аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Айтбай Назарбеков бастаған аудан басшылары үлкен үлес қосты.

Жыл сайын аудан орталығының маңайындағы «Тұлпарсазда» малшылардың слеті өтіп, оған Жазекеннің өзі қатысып, нағыз еңбек мерекесіне айналушы еді. Еңбектері бағаланып, астарына «Жигули» жеңіл машинасын мінген ардагерлер арамызда сирек болса да әлі бар. Олар сол бір күндерді сағынышпен әңгіме етеді.

Үлкен мен кішіні ерекше құрметтейтін Жазекен тек мал бағуды ғана білмеген. Алдындағы отарының қат-қабат шаруашысының ығымен кейде елден шығандап шығып кетсе де, құлағын түрік ұстап, ел жайына елендеп отырған. Көкірек көзі ояу ақсақалымыз жалпының жұмысына, қоғам ісіне де белсене қатысты. Кезінде екі мәрте Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесіне депутат болып сайланды. КПСС Орталық Комитетінің ХХІ съезіне, Қазақстан Компартиясының ХІ съезіне делегат болып сайланып, сонымен қатар шопандардың одақтық және республикалық алқалы жиындарына қатысты.

Кейде бір адам мың адамның жасаған игі ісін жасайды. Жазылбек Қуанышбаев шын мәнінде елі, туған жері үшін туған азамат болатын. Ол екі мәрте Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып сайланғанда, Мойынқұм ауданының әлеуметтік және мәдени саласының өркендеп, қанат жаюына үлкен үлес қосты. Сайлаушылардың аманаты бойынша Көктерек, Фурмановка ауылдарында Мәдениет үйі бой көтерді, бірнеше елді мекенде жана мектептер салынды. Аудан орталығы – Фурмановка ауылы

көркейіп, қуаныш, бақыт мекеніне айналды. Сол кездері Алматыға, Жамбылға «ЯК-40» ұшағы қатынап, елдің мерейі өсті.

Екі мәрте Социалистік Еңбек Ері, майталман шопан, көрнекті қоғам қайраткері Жазылбек Қуанышбаев пен Қазақстан Компартиясының бірінші хатшысы, КПСС Орталық Комитеті саяси бюросының мүшесі Дінмұхамед Қонаевтың достығын, сыйластығын мойынқұмдық ағайындар осы күнге дейін жыр етіп айтады.

Сөз орайы келгенде айта кететін бір жай – шопан кәсібінің білгірі, дала академигі, екі мәрте Социалистік Еңбек Ері Жазылбек Қуанышбаевтың ел игілігі, халық ырысы үшін жасаған ерен ісі өз жалғасын тапты ма? Мені ветеринария саласының ғалымы, профессор, қой шаруашылығының жанашыры ретінде осы көкейтесті мәселе қатты толғандырады. Кең-байтақ Қазақстан жерінде қой шаруашылығын өркендетуге барлық мүмкіндік бар, тек ынта мен жігер, жанашырлық қажет. Бұл игі істің экономикалық және әлеуметтік маңызы өте зор. Біріншіден, атакәсіп – қой шаруашылығы өркендеп, еліміздің азық-түлік бағдарламасының дамуына лайықты үлес қосқан болар еді. Екіншіден, алтын бесігіміз – ауылдың бүгінгі қиын жағдайын түзеп, жұмыссыздық мәселесін шешуге деген он қадам болар еді. Осы орайда облыс, аудан басшылары, қой шаруашылығының білікті мамандары бағыл қадам жасап, игілікті істі қолға алса – ұтады, ұтылмайды. Бұл деген қой өсірудің майталманы Жазылбек Қуанышбаевтың аманатын жүзеге асыру болып табылады. Ерін қадір тұтып, қастерлеу, төбесіне көтеріп төрге шығару – қазақ халқының қашаннан қанына сіңген қасиет. Ал, жаз дидарлы Жазылбек атамның жөні тіпті бөлек. Сондықтан есімі алысқа аңыздай таралған ерен еңбегімен туған жұртының мәртебесін асырып, мерейін өсірген даңқты шопан, екі рет Социалистік Еңбек Ері Жазылбек Қуанышбаевтың өнегелі өмірі, жасампаз еңбегі ХХІ ғасырдағы жаһандық бәсекелестік жағдайында шешуші фактор еңбек екенін атап көрсете отырып, қой шаруашылығын заманауи инновациялық негізде дамыту арқылы жастардың дүниетанымын қалыптастыруға үлкен бетбұрыс жасайтын болады. «Мал өсірсен – қой өсір, табысы оның көл-көсір» деп данышпан халық айтпақшы, Жазекен бүкіл өмірін қой шаруашылығының өркендеуіне арнады, сол үшін жігерлі еңбек етті. Қазақ хандығының алғашқы іргетасы қаланған қасиетті, кең-байтақ Мойынқұм ауданында қой шаруашылығын өркендетіп, елдің ырысы мен берекесін арттыруға барлық мүмкіндік берген Жазекен, Жазылбек Қуанышбаев қалап кеткен шопандық кәсіптің, атакәсіптің жалғасын тауып, қанатын кеңге жаюына бәріміз бір адамдай тілектеспіз. Иә, жасампаз іс әрқашан да өз жалғасын табады.

Абылай САНСЫЗБАЙ,  
Қазақ Ұлттық ғылым академиясының академигі

## АЙМАҚ

23 МАМЫР 2026 | СЕНБІ

БАТЫСТАҒЫ  
ӨРКЕНДІ ӨҢІР

Батыс Қазақстан облысында жаңартылатын энергия көздерін дамыту бағытындағы ауқымды жоба жүзеге аспақ. Өңірде тұңғыш рет қуаттылығы 50 МВт болатын жел электр станциясының құрылысы басталады. Болашақ энергетикалық нысанның құрылыс алаңында өткен уақыт капсуласын салу рәсіміне облыс әкімі Нариман Төреғалиев пен қытайлық инвестор қатысты.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес, елімізде жаңартылатын энергия көздерін пайдалану және экологиялық қауіпсіздікке қол жеткізу стратегиялық мақсат саналады. Энергетика министрі Ерлан Аққенжетовтың хабарлауынша, елімізде 2026 жылы жаңартылатын энергия көздері (ЖЭК) саласында 10 жаңа нысан іске қосылады. Министр биыл жалпы қуаты шамамен 245 мегаватты құрайтын жобаларды іске қосу жоспарланғанын айтты.

«Жел энергетикасының 4 нысанын, күн энергетикасының 5 нысанын және су энергетикасының 1 нысанын іске қосу жоспарлануда», — деді ол. Сонымен қатар министр электр энергиясы тапшылығын азайту үшін 2026 жылы шамамен 2,4 гигаваатт жана қуат енгізу жоспарланғанын атап өтті. Оның ішінде Түркістан, Алматы және Қызылорда өңірлерінде бу-газ қондырғыларын іске қосу көзделген. Сондай-ақ Атырау мен Текеліде қосымша энергетикалық нысандар пайдалануға беріледі.

— Қазір Қазақстан Республикасы «жасыл» энергетикаға ерекше көңіл бөледі: Masdar, Total Energies, Acwa Power, Unigreen Energy және CIPH секілді ірі энергетикалық компанияларымен жалпы қуаты 9 МВт болатын жел, күн және су электр станцияларын салу туралы келісімдерге қол жеткізілді, — дейді Президент жанындағы ҚСЗИ Жаһандық экономика және тұрақты даму бөлімінің бас сарапшысы Бауыржан Өмірзақов.

Сарапшылардың пікірінше, жел энергетикасы — Қазақстандағы жаңартылатын энергия көздері (ЖЭК) саласындағы инвесторлар үшін ең тартымды бағыт болып табылады. Бұл елдің жоғары жел әлеуетіне байланысты. Елімізде жыл бойғы орташа жел жылдамдығы электр энергиясын тиімді өндіруге мүмкіндік береді. Бүгінде жел электр станциялары жаңартылатын энергия көздері нысандарының жалпы қуатында ең үлкен үлесті алады. Ол шамамен 3 ГВт болса, оның 1,5 ГВт астамы жел энергетикасына тиесілі.

Бүгінгі күні Энергетика министрлігі еліміздің ұзақмерзімді энергетикалық тәуелсіздігін қамтамасыз ету мақсатында энергия жүйесін жаңғыртып, жана генерациялау қуаттарын іске қосу бағытында кешенді жұмыстар жүргізіп жатыр.

Соның ішінде Батыс Қазақстанның энергия жүйесін Біртұтас электр энергетикалық жүйесімен (БЭЖ) біріктіру стратегиялық маңызы бар негізгі бағыттардың бірі десек болады. Энергетика министрлігі баспасөз қызметінің хабарлауынша, ұлттық электр желісінің сенімді әрі тұрақты жұмысын қамтамасыз ету үшін КЕГОС АҚ жаңа қуаттарды енгізуге бағытталған бірқатар ауқымды жоспармен үйлестірілген жобаларды жүзеге асыру үстінде. Жоба аясында батыс аймақ республика аумағы арқылы БЭЖ-дің негізгі бөлігімен қосылады деп жоспарланған. Бұл шешім батыс өңірлердің энергетикалық қауіпсіздігі мен тәуелсіздігін

қамтамасыз етеді және солтүстік және оңтүстік аймақтар арасындағы қуат теңгерімсіздігін өтеу үшін маневрлік генерацияны тиімді пайдалануға мүмкіндік береді. Сонымен қатар Батыс энергия торабын күшейту және «Батыс — Оңтүстік» тұрақты ток желісін салу көзделген.

Жоғарыда айтқанымыздай, Батыс Қазақстан облысында салынатын қуаттылығы 50 МВт болатын жел электр станциясының құрылысына 140 гектар жер телімі бөлінген. Аукцион нәтижесінде маңызды жобаны қолға алған GREEN ENERGY INDUSTRIAL COMPANY CENTRAL ASIA ЖШС директоры Гао Венкеның айтуынша, инвестиция көлемі — 21 млрд теңге. 8 ай бұрын аумақта анемометр орнатылған. Метеорологиялық құрылысының көмегімен анықталған желдің жылдамдығы станцияның қалыпты жұмыс істеуіне мүмкіндік береді. Бірегей жобада 6 жел электр стансасы салынады. Әр мұнараның биіктігі 100 метр болса, бір қалақайының ұзындығы 50 метр болады.

— Біз Қытайда жаңартылған энергияны көп өндіреміз. Біріншіден, ол ауаны ластамайды. Екіншіден, ұзақ уақыт қуат береді. Мәселен, мына жел электр стансасының 20 жылдық кепілдігі бар. Үшіншіден, бұл жоба — Қазақстан — Қытай ынтымақтастығының жарқын көрінісі деп білеміз, — дейді қытайлық инвестор.

БҚО әкімінің баспасөз қызметі мәліметінше, жоба өңір экономикасының дамуына серпін беріп, инвестициялық тартымдылықты арттырады. Жаңа жұмыс орындары ашылады. Құрылыс осы айда басталып, келесі жылы толық аяқталады. Кепілдік мерзімі — 20 жыл. 5 адам тұрақты, 50 адам маусымдық жұмыспен қамтылады. Осы орайда облыс әкімі Нариман Төреғалиев өңірде энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету шаралары жүйелі жалғасатынын жеткізді. Әкімнің айтуынша, жуырда Жәнібек ауданының Өнеге ауылында гибриді электр станциясының құрылысы басталады.

— Жоба нәтижесінде өңір импортқа тәуелділіктен артылады. Соңғы үш жылда энергетика саласына 44 млрд теңге жұмсалған. Бұл қаражатқа 7 мың шақырымға жуық электр желісі жаңғыртылып, 35 қосалқы станция жөнделіпті. Нәтижесінде, жарықпен қамту жабықтығын тозуы 82%-дан 75%-ға дейін төмендеген. Биыл 20 млрд теңге бөлінді. 2029 жылға қарай электр желілерінің тозу деңгейін 11 пайызға төмендету жоспарланып отыр. Екі ауданымыз — Жәнібек пен Бөкей ордасы аудандары электр қуаты жағынан Ресейге тәуелді. Қазір 5 МегаВаттық, шетелдік компанияның өзінің қаражатына, бір тиын бюджеттен қаржы шығармай, Өнегенің тұсына электр стансасын салып жатырмыз. Құрылысы басталады. Ал жаңартылған энергия көздерін, Президент тапсырмасына сәйкес, 2030 жылға дейін 50 пайызға жеткізуіміз керек. Біз осыны қолға алып жатырмыз, — дейді облыс әкімі Нариман Төреғалиев.

Арай АСПАН

Қостанай облысында жарты жылдан астам уақытқа созылған ерекше байқау мәресіне жетті. Оқушылар 98 беттік «Алпамыс батыр» жырын жаттап, халықтың бай мұрасын нәсихаттауға үлес қосты. Бұл байқау I-QOSTANAY балаларға арналған SMART-орталығында «Тұлпар мініп, ту алған!» облыстық жобасы аясында ұйымдастырылып, көптің қолдауына ие болды.

ТОРҒАЙ ТӨРІНДЕГІ  
ЖЫР ДОДАСЫ

Алдымен облыс көлемінде өткен мектепшілік кезеңге 9094 оқушы қатысып, өз бақтарын сынаған. Ал аудандық және қалалық кезеңдерде 568 үміткер өнер көрсетті. Осыдан-ақ жастардың жыр бөйгесінде қаншалықты белсенді болғанын көруге болады. Байқаудың маңызын облыс әкімінің орынбасары Бақытжан Нарымбетов атап өтті.

— Бұл байқау жай ғана өнер сайысы емес, тарих пен тағылымның, сөз бен сана биігінің, рух пен ұлттық мұраның тоғысқан тұғыры. Күні кеше Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Кітап оқу мәдениетін дамыту және зерделі ұлт қалыптастыру жөніндегі шаралар туралы» Жарлыққа қол қойған еді. Бұл — ұлттың интеллектуалдық мәдениетін арттыруға бағытталған тарихи құжат. Ал бүгінгідей дода ұстаз бен шәкірттің ортақ жеңісі деуге болады. Мұнда тек жеңімпаз анықталмайды, ұлттық рух жаңғырады, сөз салтанат құрады. Ұрпақ пен тарих арасындағы алтын көпір беки түседі, — деді ол.

Бақытжан Нарымбетовтың сөзінше, «Алпамыс батыр» сынды жырлар ғасырлар бойы халқымыздың ерлік рухын, намыс пен адалдықты, туған жерге деген шексіз сүйіспеншілікті ұрпақ бойына сіңіріп келеді. Әр бала кішкентайынан осындай руханиятпен сусындап өссе, бұл өте ғажап дүние. Оның рухын жырмен тәрбиелеу — болашақта танымын кеңейтеді. Батырлар жырын жаттау — жай ғана есте сақтау емес, бұл — бабалар аманатын ұлықтау.

Облыстық байқаудың жүлде қоры да ауқымды. Жеңімпаздарға 1, 2 және 3-орындар бойынша жалпы сомасы 3,6 миллион теңгені құрайтын ақшалай сертификаттар табысталды. Ал бас жүлде иегері шетелдегі халықаралық тілдік лагерьге жолдама иеленді. Сондай-ақ жеңімпазды дайындаған жетекшіге автокөлік сыйға берілмек.



Байқау қорытындысы бойынша, Рудный қаласы Ахмет Байтұрсынұлы атындағы жалпы білім беретін мектептің 9-сынып оқушысы Ұлдана Жүрсінбаева Бас жүлдені жеңіп алды. Оның айтуынша, үздіксіз дайындық нәтижесіз қалдырмаған.

— Шынымен, 98 беттік жырды жаттау оңайға соқпады. Ұзақ уақыт дайындық пен тұрақтылықтың арқасында осы нәтижеге жеттім десем болады. Үш ай бойы бар зейінімді бір арнаға тоғыстырып, тынбай дайындалдым. Ішкі сезімді сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Себебі өзге қатысушылар жүлделі орын алып жатқанда, үмітімді үзіп те үлгерген едім. Қазылар алқасының шешімімен бас жүлдені иеленгеніме ерекше қуанып тұрмын. Жетекшіме көп алғыс айтамын. Гүлжазира апа! Смағұлованың еңбегі орасан, — дейді бас жүлде иегері Ұлдана Жүрсінбаева.

Ал 1-орынды жырды нақышына келтіре орындап, ұлттық өнерге деген терең сүйіспеншілігін танытқан — Қарабалық ауданынан келген Томирис Орехова бұйырды. 2-орынды Қостанай қаласынан Айдос Марат, Қарабалықтан Даяна Ертанова еншіледі. 3-орын рудныйлық Әдемі Елдейбек, Жангелдин ауданынан келген Бақытбек Көшімбек еншіледі.

Бұл тұста іс-шараға «AMANAT» партиясы, «Қазақ тілі қоғамы» халықаралық қоғамы, М.Дулатов атындағы Қостанай инженерлік экономикалық университеті қолдау көрсеткенін айта кеткен жөн.

М.ТӨЛЕУ

# ЖАЙЫЛЫМДАР ЕЛ ИГІЛІГІНЕ ЖАРАДЫ

Ақтөбе – жер көлемі жағынан еліміздегі ең үлкен облыс. Жер бедерінің сипатына қарай облыстың аумағы Мұғалжар таулары, Орал-Жем үстірті, Торғай-Арал маңы жазығы, Үстірт беткейі және Каспий сырты ойпаты секілді географиялық аумақтарымен ерекшеленеді. Солтүстіктен оңтүстікке дейін 700 шақырым, шығыстан батысқа дейін 800 шақырым созыла жатқан жоталы таулары мен өзен аңғарлары, ойпаты мен үстірті талай тарихтан сыр шертері анық. Манаураған маң дала қойнауы кен орындары мен табиғи қазба байлыққа толы. «Жатып қалған бір тоқты жайылып, мың қой болған жер» дегендей, осындай, түгін тартса, майы шығатын құт мекен. Аймақ жайылымдық жер көлемі жөнінен де республикадағы ең ірі өңір саналады. Мұнда 25,3 млн гектар жердің суы тұнық, шөбі шүйгін. Мал өсіруге өте қолайлы.

## Тілекгүл ЕСДӘУЛЕТ

Мемлекет облыста өндірісті дамыту мен ауыл шаруашылығын қолдауға айрықша назар аударып отыр. Әсіресе кейінгі жылдары ауыл шаруашылығы жерлерін тиімді пайдалануға басымдық беріліп келеді. Сондай-ақ аймақта егін шаруашылығымен айналысатын шаруашылықтардың мал шаруашылығын да қатар алып жүру мүмкіндіктері қарастырылуда. Соған сәйкес ауыл шаруашылығына инвестициялар тарту жұмыстары белсенді жүзеге асырылып жатыр. Аймақ басшысы Асхат Шахаровтың есебінше, былтыр өңірде жалпы құны 11,5 млрд теңгені құрайтын 6 жоба іске асырылған. Ал «Ауыл Аманаты» жобасы аясында 2883 жоба мақұлданып, 16,4 млрд теңге көлемінде жеңілдетілген несиелер берілген.

Ресми ақпарат бойынша, 2025 жылдың қорытындысына сәйкес облыста ауыл шаруашылығы өнімінің көлемі 412 млрд теңгені құрап, 2024 жылмен салыстырғанда 2,5%-ға өсті. 2026-2028 жылдары өңірдің агроөнеркәсіп кешенінде жалпы сомасы 94,9 млрд теңгені құрайтын 11 инвестициялық жобаны жүзеге асыру жоспарлануда, оның ішінде 4 жоба 2026 жылы іске қосылмақ. Олардың қатарында «Жаннұр» ШҚ мен Agroprodukt development ЖШС-ның бордақылау алаңдарын салу және кеңейту, «Рамазан құс» ЖШС-ның құс фабрикасын іске қосу, сондай-ақ «АЙС» ЖШС-ның сүт-тауар фермасын ашу бар. Былтыр өңірде 554 мың тонна дәнді дақыл және 72,4 мың тонна майлы дақыл жиналған. Көкөністен, соның ішінде картоптан мол өнім алынды. Егіс алқаптарын әртараптандыру аясында майлы және мал азықтық



дақылдардың көлемі ұлғайтылған.

Облыста мал шаруашылығын дамытудың 2026-2030 жылдарға арналған жаңа Кешенді жоспарын жүзеге асырудың маңыздылығы зор. Жоспарда саланы мемлекеттік қолдау арқылы мал басын өсіруге, өнімділікті арттыруға және экспорттық әлеуетті кеңейтуге, отандық өнімнің сапасын арттыруға бағытталған тәсілдер мен тетіктер қамтылған. Сонымен қатар саланы кадрлармен қамтамасыз ету, мал шаруашылығы қызметкерлері үшін әлеуметтік жағдайлар жасау, оның ішінде шопандар мен бақташылардың 55 жасқа толғаннан кейін арнайы әлеуметтік төлемдер алу құқығын қамтамасыз ету, мамандар үшін тұрғын үй құрылысын салу және тағы да басқа шаралар көзделген.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес, өңірде биыл жыл басынан бері 94 мың гектар жер мемлекет меншігіне қайтарылды. Қазір қайтарылған жер телімін қайтадан айналымға шығару және жерді алып, пайдаланбай отырғандарды анықтау жұмысы жалғасуда. Сондай-ақ жерді пайдалану заңдылықтарының сақталуы үнемі қатаң бақылауға алынған.

Жер ресурстарын басқару департаментінің басшысы Ислам

Ізбаскановтың айтуынша, биыл жоспардан тыс 120 тексеру жүргізілді. Бұл тексеру 149,2 мың гектар аумақты қамтыды. Нәтижесінде, жалпы аумағы 94 мың гектарды құрайтын 62 жер учаскесі мемлекет меншігіне қайтарылды. Енді жер телімдері қайтадан айналымға енеді. Сонымен қатар 92 субъект әкімшілік жауапқа тартылып, салынған айыппұлдың жалпы сомасы 3,6 млн теңгені құрады.

— Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді пайдаланбағаны үшін жер салығы мөлшері 40 еселенеді. Бұл — жерді тиімсіз пайдаланушыларға ықпал етудің қосымша тетігі. Департамент өткен жылдары пайдаланылмай жатқан 588 жер учаскесіне жер салығының жоғары мөлшерлеме-



сін қолданды. Қайта есептеу нәтижесінде, жер пайдаланушыларына қосымша 91 млн теңге есептелді, — деді Ислам Ізбасканов.

Былтыр облыста ұлттық мал шаруашылығын дамытуға бағытталған ірі жоба қолға алынған болатын. Елімізде ең ірі әрі нақты мақсатты жоба аясында «Қазақ жылқы шаруашылығы және жемшөп өндірісі» ғылыми-зерттеу институтының ғимаратының іргетасы қаланып, құрылыс жұмыстары басталған-ды. Бұл тарихи сәтке Қазақ КСР-інің ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, Мұғалжар және Көшім жылқы тұқымдарының авторы, жылқы шаруашылығының абызы — Серікбай Рзабаев арнайы барып, жаңа орталықтың табысты болуына бата беріп, ізгі тілегін жеткізген.

«Қазақ жылқы шаруашылығы және жемшөп өндірісі» ғылыми-зерттеу институтының Басқарма төрағасы Әлібек Базарғалиевтің айтуынша, құрылыс жұмыстарын биылғы жылдың екінші тоқсанында аяқтау жоспарланып отыр.

— Қазақ жылқы шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты 2024 жылы Мемлекет басшысының тапсырмасы аясында алғашқы ауыл шаруашылығы форумында ашылды. 2025 жылы, бір жылға жетпей, бұрынғы тәжірибе станциясы ғылыми-зерттеу бағытына ауыстырылды. Қазір жаңа ғимараттың құрылыс жұмыстары жүргізілуде. Жаңа нысан құрамында бес зертхана болады. Бұл зертханаларда асылтұқымды жылқыларды жан-жақты зерттеу жоспарланып отыр. Институттың басты мақсаты — жылқы егін және қымызды шетел нарығына экспорттау, сондай-ақ ұлттық спорт түрлерін дамыту арқылы спорт бағытындағы жылқы шаруашылығын ілгерілету. Отандық шабандоздардың халықаралық деңгейдегі жарыстарға қатысуына

жағдай жасау көзделуде, — дейді Әлібек Базарғалиев.

Институттың жобалық сызбасына сәйкес, кешен аумағында манеж, ат қора, ветеринариялық пункт, зертханалар мен атжарыс жолы бар. Аталған институттың құрылыс жұмыстары 2026 жылдың мамыр айында аяқталып, толық іске қосылады деп күтілуде. Жоба іске асқан жағдайда, Ақтөбе өңірі еліміздегі жылқы шаруашылығы мен қымыз өндірісінің басты ғылыми орталығына айналмақ.

Қазіргі күні мүлдем ұмытылуға айналған атакәсіп — тері және жүн өңдеу ісі Ақтөбе облысында да сәтті жүзеге асырылып жатыр.

Ауыл шаруашылығы министрі Айдарбек Сапаровтың мәліметінше, былтыр тері мен жүнді қайта өңдеу бойынша өндірістік қуаттар кезең-кезеңімен қалпына келтіру бағытында бірқатар ірі нысан пайдалануға берілген. Атап айтқанда, Ақтөбе қаласында жылдық қуаты 2,2 мың тонна жүн өңдейтін Қазфельтек жобасы және Ақмола облысында жылына 2,4 мың тонна жемшөп қоспаларын өндіруге бағытталған Агро Протеин жобасы іске қосылған. Министр биыл 17 ақпанда өткен Үкімет отырысында саланы одан әрі дамыту мақсатында 9,9 миллиард теңгеге сегіз инвестициялық жоба жүзеге асырылып жатқанын, нәтижесінде қосымша 1,3 миллион тонна өңдеу қуаты іске қосылатынын айтқан-ды.

Сапаровтың сөзіне қарағанда, жаңа бастамалардың қатарында Тараз Желатин, ЭКО Клуб, Искефе Холдинг және КазЖелатин жобалары бар. Бұл кәсіпорындар тері мен жанама өнімдерді терең өңдеуге бағытталған. Аталған жобаларды іске асыру нәтижесінде, тағамдық желатин мен жемдік қоспалар өндірісі ұлғайып, шикізат шығыны азаяды деп күтілуде.

Жалпы, Ақтөбе өңірі тәуелсіздік жылдары еліміз бойынша тұрақты өсім мен оң экономикалық көрсеткіштерге қол жеткізіп келе жатқан облыстар қатарында. Аймақта индустриялық-инновациялық жобалардың сәтті жүзеге асырылуы ел экономикасының дамуына да қомақты олжа салып отыр. Сонымен қатар халықтың өмір сапасын жақсартуға, инфрақұрылымды дамытуға және өңірдің инвестициялық тартымдылығын арттыруға бағытталған жобалардың тиімділігі жыл өткен сайын артып келеді.

**Ашық тендер тәсілімен көлік құралдарының 10 (он) бірлігі түріндегі активтерді сату туралы хабарландыру.**

«Бейнеу-Шымкент газ құбыры» ЖШС (бұдан әрі — Серіктестік) веб-сайт <https://bsgp.kz> 2012 жылы шығарылған Toyota Hilux 2,7 маркалы көлік құралдарының 10 бірлігін сатуға ашық тендер өткізілетіні туралы хабарлайды, оның ішінде:

Лот №	МТНБ	VIN-код	Бастапқы (алғашқы) сату құны, теңге	Автокөліктің орналасқан мекенжайы
1	Н 7666 02	MROFX22G0C1078712	2 187 000	Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы, 53
2	Н 5358 02	MR0FX22G6C1343911	1 460 000	
3	С 3044 02	MROFX22G9C1079650	2 168 000	
4	Н 4528 02	MROFX22G9C1355101	2 543 000	
5	Н 5083 02	MROFX22G2C1076766	2 022 000	Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, «Қараөзек» вахталық кенті
6	Н 5084 02	MROFX22G0C1078466	2 487 000	
7	Н 5356 02	MROFX22G8C1353453	2 336 000	
8	Н 5359 02	MROFX22G0C1075938	2 288 000	
9	Н 7664 02	MROFX22G8C1353372	2 064 000	
10	Н 8087 02	MROFX22GXC1353728	1 840 000	

Өткізілетін көлік құралдарының тізбесі (Toyota Hilux) және олардың толық сипаттамасы тендерлік құжаттамада көрсетілген.

Тендерлік құжаттаманың көшірмелерін 2026 жылғы «15» маусым сағат 17:00-ге дейінгі мерзімде Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы, 53, 9-қабат, 9/11-кабинет мекенжайы бойынша алуға болады.

Тендерлік құжаттаманың көшірмесін алу үшін әлеуетті жеткізушінің өкілінде сенімхаттың түпнұсқасы және жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі болуы қажет.

Конверттерге мөрленген тендерге қатысуға арналған тендерлік өтінімдерді әлеуетті жеткізушілер қолма-қол немесе пошта арқылы Серіктестікке А05А2К5, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы, 53, 9/11-кабинет мекенжайы бойынша ұсынады (жібереді). Тендерлік өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі: 2026 жылғы 17 маусым сағат 15:00-ге дейін.

Тендерге қатысуға өтінімдермен конверттер 2026 жылғы 17 маусым сағат 16:00-де Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы, 53, 9/02 мәжіліс-залда ашылады.

Қосымша ақпаратты және сатылатын автокөлікпен оның орналасқан жері бойынша танысуға келісімді 8 727 342-36-86 телефон нөмірі бойынша алуға болады.

23 МАМЫР 2026 | СЕНБІ

Әлемнің маңдайалды жоғары оқу орындарын саралайтын QS World University Rankings-тің биылғы рейтингінде 317-орынға ие болған Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің негізі қаланғанына 30 жыл толып отыр. Іргелі білім ордасы осы уақыт ішінде халықаралық академиялық кеңістікте де беделі биік, болашаққа бағыт сілтеген іргелі университет ретінде танылып келеді. Кеше университеттің мерейлі жылына арналған салтанатты іс-шаралар өтті.



лып отыр. Мұнда студенттер теориялық білімді тәжірибемен ұштастырып, жаһандық еңбек нарығына бейімделген кәсіби дағдыларды меңгеруге мүмкіндік алады. Шеберхананы аралау барысында қонақтар болашақ технологиясының тынысын сезінгендей әсер алды. Оларға автоматтандырылған өндірістік желілер, жоғары өнімді есептеулер, ұшқышсыз жүйелер, машиналық көру мен робототехника зертханалары таныстырылып, цифрлық дәуірдің жаңа мүмкіндіктері паш етілді. Әсіресе Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті студенттері мен жас IT-мамандары ұсынған жобалар көпшіліктің қызығушылығын оятты.

## МЕРЕЙЛІ МЕЖЕ

### Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

Мерейтойлық бағдарлама аясында Лу Бань шеберханасының халықаралық орталығы ашылып, мемлекеттік және қоғам қайраткерлері, шетелдік серіктестер, ғалымдар мен түлектер қатысқан Ғылыми кеңестің салтанатты отырысы ұйымдастырылды. Студенттерді, оқытушыларды және университет қонақтарын біріктірген мәдени-көпшілік шаралар жиынның шырайын кіргізді.

ЕҰУ-дың Басқарма төрағасы – ректор Ерлан Сыдыков жиналған қауымды Еуразия ұлттық университетінің 30 жылдық мерейтойымен құттықтап, оқу ордасының осы жылдар ішінде білім мен ғылымның беделді орталығына айналғанын атап өтті. Ректор университет қабырғасында аянбай еңбек етіп, елдің зияткерлік әлеуетін арттыруға ұлес қосып жүрген ғалымдар мен оқытушылардың еңбегіне ерекше тоқталды.

– Қазір білім ордасы ұлттық рух пен іргелі ғылымның негізгі ошағына айналды. Осылардың ішінде ғалымдар мен қоғам қайраткерлері үлесі көп. Олар елімізде ғана емес, әлемнің түкпір-түкпірінде еңбек етіп, университет пен ел абыройын асқақтатып жүр. Бүгінгі заман талабына сай жаңарған университетімізде білім беру инновациялық бағдарламалары белсенді енгізілуде. Нәтижесінде, ғалымдарымыздың іргелі зерттеулері нарықтық сектормен тығыз байланыс орнатып, өндіріске енгізіле бастады. Университетіміздің басты байлығы ол – университетіміздің ұжымы. Білім ордасының іргетасын қалап, бүгінгі биікке жетуімізге өлшеусіз үлесін қосқан ардагер ұстаздарымызға алғысымыз шексіз. Университет дамуына күн сайын үлес қосып жүрген профессор-ұстаздарға, қызметкерлерге, студенттер мен жас ғалымдарға шынайы ықы-

ласымды білдіремін, – деді Е.Сыдыков.

Келелі жиын барысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың, одан бөлек Ресей, Беларусь және Әзербайжан мемлекеттері басшыларының құттықтау хаттары оқылып, мерейтой мәнін айшықтай түсті. Сонымен қатар университет ұжымын Парламент Сенаты мен Мәжіліс төрағалары, дипломатиялық корпус өкілдері, шетелдік серіктестер, белгілі ғалымдар мен қоғам қайраткерлері, жоғары оқу орындарының ректорлары және әр жылдары қанат қакқан ЕҰУ түлектері жүрекжарды лебіздерін арнап, білім ордасының ел дамуына қосқан үлесіне жоғары баға берді.

– Бүгін отандық ғылым мен жоғары білім саласында айтулы мереке. Университет бүгінде тек Орталық Азия кеңістігінде ғана емес, әлемдік деңгейдегі іргелі жоғары оқу орнына айналды. 30 жылдық тарихы бар ЕҰУ бүгінде заман сұранысына жауап бере алатын, біліктілігі мен білімі, тәжірибесі мен таланты бір арнаға тоғысқан сала иелерін даярлауды айқын мақсат етіп келеді. Ұлттық университет ғылым мен білім айдынында жүктелген міндеттерді жоғары нәтижемен жүзеге асырып отыр. Бүгінгі нәтижелі жұмыс пен іргелі белестер университет ұжымының табанды еңбегінің арқасы деп бағамдаймын, – деді ЕҰУ төлегі, Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек.

Бүгінде Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті – Қазақстан мен Орталық Азия кеңістігіндегі жетекші зерттеу университеттерінің бірі. Білім ошағында 27 мыңнан астам студент білім алып, олардың сапалы білім мен терең ғылымға бет бұруына үш мыңға жуық оқытушы мен қызметкер қажырлы еңбек етіп келеді. Университет 200-ден астам білім беру бағдарламасын жүзеге асырып, халықаралық ынтымақтастық көкжиегін кеңейтуде, цифрлық технологиялар мен

жасанды интеллект, инженерия, ядролық физика, биотехнология секілді болашақтың бағыттарын дамытуға басымдық беруде. Мұнда студент жастардың ұлттық мәдениеті мен рухани-адамгершілік тәрбиесіне, эстетикалық талғамы мен отансүйгіштік рухының қалыптасуына айрықша көңіл бөлінетінін айта кеткеніміз жөн болар. Өйткені ЕҰУ-да түрлі бағыттағы 60-тан астам студенттік ұйым мен қызығушылық клубтары жұмыс істейді. Әдеби бірлестіктер мен пікір-сайыс қозғалыстары, шахмат, экологиялық және спорт клубтары – бәрі-бәрі жастардың жан-жақты дамуына жол ашады. Бұл ортада әр студент өз қабілетін шыңдап, өзін жаңа қырынан тануға мүмкіндік алады. Бірі сахнада ән шырқап, бірі мың бұралған бимен көрерменді тәнті етсе, енді бірі дебат мінберінде ой жарыстырып, актерлік шеберлігін паш етеді. Нақтырақ айтсақ, «Шаңырақ» студенттік театры, SAMURYQ би мектебі, E-STUDIO вокалистері мен «Дала сазы» оркестрі халықаралық байқауларда талай мәрте топ жарып, Еуразия ұлттық университетінің мерейін асқақтатты.

Мерекелік жиынның негізі болған Ғылыми кеңестің салтанатты бөлігі Лу Бань шеберханасының лентасын кию рәсіміне Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек, ЕҰУ Басқарма төрағасы – ректор Ерлан Сыдыков және ҚХР-дың Қазақстандағы Төтенше және өкілетті елшісі Хань Чуньлинь қатысты. Бұл орталық – болашақтың білікті инженерлері мен техник мамандарын тәрбиелеуге бағытталған, Қазақстан мен Қытай арасындағы білім мен технология көпіріне айналған бірегей жоба. Мемлекет басшысының тапсырмасы ая-



**Бүгінде Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті – Қазақстан мен Орталық Азия кеңістігіндегі жетекші зерттеу университеттерінің бірі. Білім ошағында 27 мыңнан астам студент білім алып, олардың сапалы білім мен терең ғылымға бет бұруына үш мыңға жуық оқытушы мен қызметкер қажырлы еңбек етіп келеді.**

сында жүзеге асып жатқан бұл бастама заманауи өндіріс пен инновациялық оқытуды ұштастырып, жас мамандардың кәсіби көкжиегін кеңейтуді мақсат етеді. Жоба Тяньцзинь кәсіптік институтымен бірлесіп жүзеге асырылып, техникалық және IT-білім берудің жаңа тынысын ашуға бағытталған. Бастаманың басты мақсаты – жасанды интеллект пен цифрлық технологиялар дәуірінде сұранысқа ие болатын заманауи мамандарды даярлау. Бұл орталық тек білім беру алаңы ғана емес, халықаралық тәжірибе мен озық технология тоғысқан инновациялық кеңістікке айна-



Жас зерттеушілер үлкен тілдік модельдерге негізделген білім платформасын, көру қабілеті нашар жандарға арналған интеллектуалды навигациялық жүйені, бейнені зерделеп, талдай алатын ақылды технологияларды, сондай-ақ Industrial AI бағытындағы тың әзірлемелерін таныстырды. Бұл жобалар жастардың жаңашыл ойы мен ғылымға деген құштарлығын айқын көрсетіп, университеттің инновация мен технологияның тоғысқан ортасына айналғанын аңғартты.

Мерейтойлық бағдарламаның жалғасы театрландырылған прологпен, бейнепрезентациямен және мерекелік флешмобпен аяқталды. Сонымен қатар қатысушылар үшін палау фестивалі, мерекелік концерт, ұлттық ойындар, көрме және интерактивті алаңдар және ЕҰУ түлектерінің кездесуі өткізілді. Олардың қатарын қазақстандық өнерпаздардың шығармашылық қойылымдары, спорттық белсенділіктер мен университеттің көпұлттық мәдениетін және студенттік рухын бейнелейтін мерекелік іс-шаралар толықтырды.



**AIQYN**

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –  
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор –  
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –  
Бас редактордың  
бірінші орынбасары

Мадияр ТӨЛЕУ –  
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА –  
Секретариат меңгерушісі

**АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:**  
Абзал АЛТЫНСАЙЫЛЫ –  
Ақмола облысы  
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –  
Алматы қаласы  
Саятхан САТЫЛҒАН –  
Жамбыл облысы  
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –  
Қарағанды облысы  
Назғұл НАЗАРБЕК –  
Шымкент қаласы  
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ –  
Қызылорда облысы  
Банн ЖАНЗАҚ –  
Атырау облысы

**«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ  
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:**

Кәсіпорындар,  
мекемелер үшін – 15102  
Зейнеткерлер,  
соғыс ардагерлері үшін – 55102  
Жеке жазылушылар үшін – 65102

**ЖАРНАМА БӨЛІМІ:**  
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31  
reklama.aikyn@gmail.com

**ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:**  
8(771) 804-61-32  
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»  
компьютер орталығында беттелді

**ТАРАЛЫМЫ: 40 000**

**Тапсырыс №4742**

Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС  
Сілеті көшесі 30,  
тел: 8(7172) 99-77-77  
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ  
Мұқанов көшесі, 223 В  
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,  
Әлімқұлов көшесі 22,  
тел: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,